# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

20.12.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№49 (8163)



AINA — АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК — 2-бет

DÚBIR — АРМАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН КҮН — 3-бет

QOǴAM — АШЫҚТЫҚ – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ — 6-бет

TIRSHILIK — ҮСІКТЕН САҚТАН! — 7-бет


## КЕҢГІР ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚАЛА



**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1954 жылғы 20 желтоқсанда Үлкен Жезқазған кентіне қала мәртебесі берілді. Жезқазған қаласы содан бергі 65 жылдың ішінде өсіп-өркендеу үстінде.**

Жезқазғанның қаз тұрып қалыптасу кезеңі мен оның жерасты байлығын игеру жолы академик Қаныш Сәтбаев есімімен тікелей байланысты екені белгілі. «Атбасартүстімет» тресінің, Қарсақбай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, одан кейін комбинаттың бас геологы болған 1926-1941 жылдар аралығындағы болашақ ғалымның барлық еңбегі мен ізденісі Жезқазғанның мол байлығын тереңдеп зерттеуге арналды. Ағылшындардың иелігінде болып, Қазан төңкерісінен кейін істен шығып қалған Қарсақбай өндіріс орнын қалпына келтіруді кеңес өкіметі 1926 жылға қарай барынша қолға алған болатын. Екі жылдың ішінде қалпына келтірілген Қарсақбай мыс қорыту зауыты 1928 жылдың 19 қазанында кеңес заманының тұңғыш қара мысын берді. Бүгінгі еліміздің мыс алыбы «Қазақмыс» корпорациясының өндірістік жолы да сол күннен бастау алады.

Ал, 1930 жылдан былайғы Жезқазған кенін игерудің өсу баспалдақтары тікелей Қаныш Имантайұлының есімімен тығыз байланысты. Жартылай шөлейт аймақтағы кешегі «құлан жортқан құла түз» аталған Жезқазғанның ұлан-байтақ жерінің астындағы қазба байлықтың қорын анықтау жолында ғұлама ғалым қаншама тер төкті. Кен қоры анықталғанымен, оны игеруге тәуекел ету де оңайға соқпады. Жолы, суы жоқ, қияндағы далаға тіршілік дүбірін әкелу үшін талай кедергілерді бұзып-жарып өтуге тура келген еді.

Мыс бұлағының қайнар көзіне айналған қаланың тарихы туралы сөз қозғағанда Кеңгір су айдынын айналып өту әсте мүмкін емес. Өнеркәсіпті Жезқазғанға тіршілік нәрін беріп отырған Кеңгір су қоймасының құдіреті күшті. Әріге көз жүгіртсек, заманында Үлкен Жезқазған өндірісін ашу, сол жердегі болашақ қаланың қазығын қағу туралы келелі іске осы өңірдегі су көзінің тапшылығы кедергі келтіріп, қазақтың аймаңдай ұлы, айтулы ғалым Қаныш Сәтбаев Кеңес одағы дөкейлерінің алдында өз ұсынысын дәлелдеп, Наушабай сайының аңғарында үлкен бөген салу арқылы қыруар су жинай алатын ауқымды қойманың жобасы дүниеге келген еді. Оның құрылысы 1940 жылы басталып, Ұлы Отан соғысы жылдарында тоқтап қалады. Сұрапыл соғыс жеңіспен аяқталған соң ел есін жиған кезде, 1946 жылы құрылыс жұмыстары қайтадан басталады. Атшаптырым аймақты алып жатқан аумағына 319 млн.текше метр су қорын сыйғыза алатын алып гидроқұрылыс 1952 жылы аяқталып, 1954 жылдың көктемінде оның арнасы кемеріне дейін суға толтырылды. Сол жылдың қысында Кеңгір жағасында қанатын жая түскен жұмысшы кентіне қала мәртебесі берілді. Болашақ қаланың өркен жаюын оймен шола білген Қанекең сол кезеңде: «Бұл су қоймасы қазіргі жағдайға әбден жеткілікті, алдағы уақытта Жезқазғанға Ертіс – Қарағанды каналының суы келеді» деп, тағы бір үлкен жобаның шет жағасын жария еткен көрінеді. Әттең дүние, осы тамаша жоба қолға алынған заманда көреген ғалым, асыл азамат арамызда жоқ еді. Қаныш Сәтбаев 1928 жылы Қарсақбай комбинаты жанынан құрылған геологиялық барлау бөлімінің бастығы және комбинаттың бас геологы болған кездің өзінде-ақ Жезқазғанның таңғажайып зор болашағын дәл болжап, батыл да байсалды ғылыми шешімдер жасаған болатын. «Қарсақбай – Үлкен Жезқазғанға апаратын сара жолдың алғашқы баспалдағы ғана, ал Жезқазған – Ұлытау өңірі кешікпей-ақ Сарыарқа төсіндегі белді индустриялы өлкеге айналады», – деген еді көреген ғалым. Айтса айтқандайын, Жезқазған кенін игерудің және қанат жаюының бұдан былайғы өсу баспалдақтары тікелей Қаныш Имантайұлының геологиялық зерттеулері мен болжамдарына тығыз байланысты болды. Ол кезеңде бұл жердің болашағына сеніммен қарайтындар аз, күдікпен қарайтындар көп еді. Алайда, данышпан ғалым көптеген құнды зерттеулер жүргізіп, өз тұжырымын Одақ ғалымдары алдында дәйектілікпен дәлелдей білді. Үлкен Жезқазған құрылысын бастауға, оны ұлғайтуға қарсы болғандардың бірі – Түстіметаллдар бас басқармасы басты себеп ретінде Жезқазғанды одақтық көлемдегі күретамырлармен байланыстыратын теміржолдың жоқтығын алға тартқан болатын. Бірақ, жол қатынастары Халық комиссариатының 1931 жылғы «Үлкен Жезқазған құрылысы үшін ең тиімді жоба оны салынып жатқан Қарағанды – Балқаш теміржолына қосу» деген техникалық-экономикалық сараптамасын алға тартып Қанекең де алған бетінен қайтпайды. Қаныш Имантайұлының 1934 жылы желтоқсанда Ауыр өнеркәсіп комиссары С.Орджоникидзенің қабылдауында болып, Жезқазған туралы ақиқатқа көзін жеткізуі де бір үлкен әңгіме.

►►4-бетте

**Қазақстан Республикасын экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін берілетін жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан» орденін иелену – екінің біріне бұйыра бермейтін биік мәртебе. Тәуелсіздік жылдарында Жезқазған-Ұлытау аймағында алғаш рет осынау заңғар биіктен көрініп, Қазақстанның Еңбек Ері атағын жерлесіміз, «Қазақмыс» корпорациясының филиалы – «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ-і 73/75 шахтасының бұрғылаушысы Тұрсынбек Мақышев еліміздің бас мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз қолынан алды.**

## ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРДЫ



Елордадан туған жеріне мәртебелі атақпен оралған Еңбек Ерін Жезқазған қаласының әкімі Кайрат Бегімов, Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов, Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Медебаев, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов бастаған топ қала кіреберісінен үлкен құрмет-қошеметпен күтіп алды.

«Қазақмыс» корпорациясының кеңсе ғимаратында Еңбек еріне құрмет көрсетуге арналған салтанатты жиын өтті.

– Баршаңызды батыр ата-бабаларымыздың маңдай тері, ерен еңбегімен қол жеткізген мемлекетіміздің басты мерекесі Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Осынау ұлы мереке қарсаңында тек Жезқазған-Ұлытау жұртшылығы үшін ғана емес, барша Қарағанды облысы үшін қуанышты жағдай орын алды. Ол – ел өндірісінің негізгі тірегіне айналған «Қазақмыс» корпорациясының қызметкері, бірімізге аяулы әкедей, енді бірімізге қамқоршы ағадай болған білікті әріптесіміз Тұрсынбек Мақышевтың Еңбек Ері атануы. Тұрсынбек Мақышев бұл атақты иеленуімен тек мемлекеттік марапатқа ие болып қана қойған жоқ. Ол барша республика халқына өз ісін шын сүйген қарапайым еңбек адамының жарқын үлгісін көрсетті, – деді жиында алғашқы болып сөз алған «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тау-кен байыту кешені бас директорының орынбасары Төлеген Пішенбаев.

Салтанатты жиында Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов те сөз алып, Еңбек Ерін құттықтады.

– Құрметті Тұрсынбек Шамбұлұлы, Тәуелсіздіктің арқасында армандар ақиқатқа айналды. Сіздің Қазақстанның Еңбек Ері атануыңыз бүкіл Қазақстанның мысты астанасының тұрғындарын елең еткізбей қоймады. Бұл – тек сіздің ғана қуанышыңыз емес, аймағымыздың шаттығы. Еліміздің өркендеуіне қосқан елеулі үлесіңіз үшін сізге және барлық кеншілерге зор алғысымды білдіремін. Істеріңізге береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деген қала әкімі Тұрсынбек Мақышевтың иығына шапан жауап, ықылас гүлін табыстады.

Шараны одан әрі жалғастырған Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов пен «Кәсіпқорған» салалық кәсіподағының төрағасы Тоғызбай Тәжбенов те барша жерлестерімізді құттықтап, еңбек ұжымының алдағы істеріне табыс тіледі. Шара соңында Ізтөлеу Түсіп Қазақстанның Еңбек Ері Тұрсынбек Мақышевтің құрметіне арнау жырын айтып, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Мұзараф Аханов батасын берді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## «ULY DALA» ҰТЫСЫ




**Осыдан тура бір жыл бұрын ел Тәуелсіздігінің 27 жылдығы қарсаңында Жезқазған мен Сәтбаев тұрғындарына есігін айқара ашқан «ULY DALA» гипермаркеті маңызды мерекелерден тыс қалмай, тұтынушыларын ынталандыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды.**

Ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күніне бұл жолы гипермаркет ұжымы үлкен дайындықпен келгенін айта кеткен жөн. Тамыздан бастап «10 мың теңгеден көп сомаға сауда жасап, автокөлік ұтып ал!» ұранымен арнайы акция бастаған болатын. Акция 17 желтоқсанда ірі көлемді жүлде қоры бар ұтыс ойынымен қорытындыланып, жеңімпаздар анықталды.

Мерекелік көңіл-күймен «ULY DALA» гипермаркеті айналысына жиналған жұртшылық ұтыс жеңімпаздарын анықтау сәтін тағатсыздана күтті. Қолында түбіртегі барлар қомақты сыйлықтан дәмелі екені айтпаса да түсінікті. Жиналғандар алдында Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, республикаға танымал меценат Бекзат Алтынбеков, «Кәсіп Қорған» салалық кәсіподағының төрағасы Тоғызбай Тәжбенов, «Ютария» компаниялар тобының бас директоры Сәуле Шәуенова сөз алып, ұтыс қатысушыларына сәттілік тіледі. Ұтысты бастамас бұрын ұйымдастырушылар халық арасынан қазылар алқасын сайлап алды. Бұл өз кезегінде бағалы сыйлық иелерін таңдауда бармақ басты, көз қыстылыққа жол бермеу көзделгенін айғақтаса керек.

Жалпы конкурс шартына сай сауда жасап, ұтысқа қатысуға ниет танытқандардың қарасы көп. Жалпы, акция барысында 25 мыңнан аса ұтыс купоны үлестірілген екен. Бір қолға үш түбіртек алған Саида Ложечка есімді Сәтбаев қаласының тұрғыны темір тұлпардың иегері атанып, армандардың орындалатынын дәлелдеді.

– «Ұлы дала» гипермаркетінде үйге қажетті азық-түлік пен тұрмыстық заттарды сатып алуды әдетке айналдырдым. Соның нәтижесінде маған үш түбіртек берілді.Бүгін шынымды айтсам қызық көру үшін келдім. Өзім жеңіске жетемін деп ойламаппын да, – деген Саида 2019 жылы зауыттан шыққан судай жаңа «Лада Гранта» автокөлігінің кілтін қолына алды.

Одан бөлек тұтынушылар арасында теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, музыкалық орталық пен ұялы телефон, төсек жабдықтары мен 50 мың теңгелік сертификаттар ойнатылды. Сондай-ақ, ең көп түбіртегі бар Меруерт Досымбаеваға, Алмас Базарбаев пен Лаура Мирзакуловаға да 50 мың теңгенің сертификаты салтанатты түрде тапсырылды.

Алдағы уақыттарда да тұтынушыларды түрлі акция мен жеңілдіктер күтіп тұұрғанын жеткізген гипермаркет ұжымы белсенділік танытқан барша тұрғынға алғысын білдіреді.

**Өз тілшіміз**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**


## БАСПАСӨЗ – 2020!

**«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА**

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**




**Газетке бір жылға жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: 8 7102 71 00 55, 77 50 25***

SARYARQA-АҚПАРАТ

## КАДРЛЫҚ АУЫС-ТҮЙІСТЕР БОЛДЫ

**Сәрсенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар кадрлық ауыс-түйістер жасады.**

Атап айтқанда, Президент Әкімшілігі жетекшісінің бірінші орынбасары Дархан Кәлетаев лауазымынан босап, оның орнына осыған дейін Президент көмекшісі болған Мәулен Әшімбаев тағайындалды. М. Әшімбаевтан босаған орынға осыған дейін энергетика министрі лауазымын атқарған Қанат Бозымбаев барды.

Ал, жаңадан құрылған ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрағалығына Мәдина Әбілқасымова тағайындалып, ол ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары лауазымынан босатылды.

Сондай-ақ, Президент Жарлығымен зейнеткерлік жасқа толуына байланысты Иманғали Тасмағамбетов Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінен босатылды.

## СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘРТЕБЕ БЕРУДІ ҰСЫНДЫ

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның «Ақжол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев Үкімет басшысы Асқар Маминнің атына жолдаған депутаттық сауалында Семейге республикалық қала мәртебесін беру мәселесін көтерді.**

– Бүгінгі күні Абай жері Семей өңірінде бірқатар шаралар қолға алынды. Семей қаласы мен аймағын көтеруге бұрын соңды болмаған қомақты қаражат бөлініп, гүлденуіне күш жұмсалуда. Әрине, халық та Семей қаласының өсуіне, өркендеуіне қуануда. Өйткені Семей қаласының географиялық орны, экономикалық деңгейі, саяси мұрасы оған әбден лайық, – деп тоқталды депутат.

А. Перуашев өткен жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен ежелгі Түркістан қаласы облыс орталығына айналып, ал Шымкент шаһарына республикалық дәреже берілгенін еске салды. Бұл тарихи шешім Түркістан аймағын бүкіл түркі әлемінің ордасы ретінде қайтадан нығайтуға жол ашты. Шымкент өз мәртебесін түсірмей, еліміздің бетке ұстар қалаларының бірі ретінде ары қарай дамуда.

– Осы орайда кер заманда қазақтың рухын көтерген, қазақтың дауысын жеткізіп, иісін танытқан Абай рухының ордасы – Семей қаласына да тиісті мәртебесін беру орынды деп санаймыз. Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, «Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Заңың 3-бабына сәйкес, республикалық маңызы бар қалалар қатарына халқының саны 1 миллион адамнан асатын елді мекендер немесе ерекше мемлекеттік маңызы бар қалалар жатады. Біздің ойымызша, Семей қаласы – дәл осы ерекше мемлекеттік маңызы бар қала. Сондықтан оған республикалық мәртебе беру жөнінде Мемлекет басшысына ұсыныс енгізу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз, – деді Азат Перуашев.

## ТУРИСТІК САЛАДАҒЫ ЖОБАЛАРҒА 39 МЛРД ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛМАҚ

**Электронды үкімет порталында «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының даму стратегиясын бекіту туралы қаулының жобасы көпшілік талқылауына ұсынылды.**

Кейінгі бес жылда туризм саласы қарқынды түрде өркендеп, әлем экономикасында қарыштап дамыған салалардың біріне айналды. Қазіргі таңда туризм саласы мұнай операциясының, азық-түлік саудасы мен автокөлік саласының іскерлік көлемінен озып кеткен. Бірқатар мемлекет үшін туризм саласы негізгі кіріс көзі болып отыр.

Қазақстан Үкіметі ҚР туризм саласын дамыту туралы 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен ҚР туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдаған.

Туризм саласында бірыңғай үйлестіруші әрі бренд-менеджер рөлін атқару үшін, сонымен бірге Қазақстанның туристік саласын жүйелі әрі институционалдық тұрғыда дамыту мақсатында елімізде «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құрылған болатын.

«Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының даму стратегиясында көрсетілгендей, Қазақстан хикаятты, MICE, оқиғалы, тарихи һәм мәдени, медициналық, экологиялық, этнографиялық, балалар мен жасөспірімдерге арналған бағыттар бойынша туризмді дамытудың басымдықтарына ие.

«Осыған байланысты туристер, бизнес пен инвесторлар үшін отандық туристік орындардың артықшылықтарын көрсете білу үшін түбегейлі жүйелі әрі кешенді шараларды қабылдаған абзал», – деп жазылған жарияланған құжатта.

Қазақстанның туристік әлеуетін қаржылық тұрғыда демеу үшін «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы отандық және шетелдік инвесторларды салаға тарту ісіне күш салады.

Мәселен, 2028 жылға дейін туристік саладағы жобаларға 39 млрд теңге тарту көзделген. Жобаларды жүзеге асыру аясында «Kazakh Tourism» ҰК-ның қатысуымен 2028 жылға дейін басымдыққа ие туристік дестинацияларда нөмірлік қорды 1 800 төсек орынға дейін көбейту көзделген.

Құжатты көппен бірге талқылау жұмысы 31 желтоқсанға дейін жалғасады.

## ҚАЗАҚСТАНДА ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕЙДІ

**ҚР Ұлттық банкі орта мерзімді перспективада инфляция біртіндеп баяулап, 5,0-5,5%-дық деңгейде тұрақтанатынын мәлім етті.**

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының баяу өсуіне байланысты инфляцияның болжамы төмен қаралды. Сонымен бірге, келесі жылдың басында ақылы қызметтер бағасының өсу мүмкіндігімен байланысты инфляциялық тәуекелдердің пайда болу ықтималдылығы бар. Алайда, болжам кезеңінде инфляция 4-6% дәлізінде сақталады.

«Инфляцияның баяулауына Ресей, ЕО мен Қытайда инфляция нысаналы деңгейлерінен төмен болуы аясында қолайлы ішкі инфляциялық ая, сондай-ақ, фискалды ынталандырудан нәтиже төмендеу аясында ішкі сұраныс жағынан қысымның біртіндеп әлсіреуі ықпал етеді», – делінген Ұлттық банктің тоқсан сайынғы «Инфляцияға шолу» басылымында.

Қазіргі уақытта Қытайда шошқа етінің ұсынысы төмендеу салдарынан еттің бағасы өсуіне байланысты байқалып отырған инфляцияның үдеуі қысқа мерзімді болып табылады. 2020 жылы әлсіз юаньнің АҚШ долларына қатысты инфляцияны ұлғайтатын қысымына қарамастан, инфляция таргеттелетін деңгейден тағы да төмендейді. Инфляцияны тежейтін негізгі фактор аздаған ішкі сұраныс болады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Ресейде инфляция 3,2%-3,7% болады, ол 2020 жылғы 1-тоқсанда одан әрі 3,0%-дан төмен төмендейді. Инфляцияға ұстамды сұраныстың ықпалы, сондай-ақ, бюджеттік ресурстарды қаржыландыруда артта қалу басым болуда.

Сонымен қатар, Ұлттық Банктің талдаушылары АҚШ ФРҚ мен басқа орталық банктердің барынша жеңіл риторикасы әлемдік капиталды дамыған елдердің пайдасына қайта бөлу тәуекелін азайтады және дамушы нарықтары бар елдердің, оның ішінде Қазақстанның валютасына қысымды төмендетеді деп атауда.

БӘРЕКЕЛДІ!

# ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

**Қарағанды облысының бес кәсіпорны республикалық байқау жеңімпаздарының тізіміне енді.**




Тәуелсіздік күні қарсаңында Елордада ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығы байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының «Үздік индустриялық жоба» номинациясында «Бёмер Арматура» ЖШС лауреат атанды.

«Бёмер Арматура» – Орталық Азияда теңдесі жоқ кәсіпорын. Компания неміс технологиясы бойынша шарлы бекіту арматурасын өндіреді. Өнім мұнай-газ секторында және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында жоғары сұранысқа ие. Бес жыл ішінде компания экспортқа шығып, бекіту арматурасын Санкт-Петербургке жеткізеді. Кәсіпорын елдің орталық және солтүстік бөліктерін газбен қамтамасыз ететін мегажобаны – «Сарыарқа» газ құбырын салуға арналған жабдықтар өндірісіне қатысады.

Сондай-ақ, «Алтын Сапа» сыйлығымен қатар «Қазақстанның Үздік Тауары» республикалық көрме-конкурсының, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз-2019» байқауының марапаттары да табыс етілді. «Іскерлік Жетілдіру», «ALTYN OIMAQ», «ІСКЕР», «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ», «Қазақстанның үздік тауары», «Парыз», «Алтын Сапа» сынды барлығы 6 сыйлық табыс етілді.

«Шахтерское» ЖШС Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының «Іскер» арнайы сыйлығына ие болды. 2001 жылы құрылған компания қазір Қарағанды облысының ірі агроөнеркәсіптік кешендерінің бірі болып табылады. Оны инвестициялық көшбасшы деп тануға болады, 2019 жылы ЖШС өндірісті дамытуға 1,7 млрд теңге салды.

«Іскер» сыйлығымен танымал «Нәтиже» сүт фабрикасы ЖШС да марапатталды.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық байқауы да қарағандылық кәсіпорындардың еңбегін мойындады. Жеңімпаздар қатарында металлургиялық өндіріс қалдықтарын – домна шлактарын өңдеуші «АлбаСтройДор» ЖШС және жеңіл өнеркәсіп саласының көшбасшысы «ЮТАРИЯ LTD» ЖШС бар.

Естеріңізге сала кетейік, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Энергетика министрлігімен, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен, ҚР Кәсіподақтар федерациясымен бірлесіп 10 жылдан астам уақыт өткізіп келеді.

**Өз тілшіміз**

ЖАҢА ЖҮЙЕ

# ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ТӨРТІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БЮДЖЕТІ

**Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 98-қадамы шеңберінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін енгізуді көздейтін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша Заң қабылданды. Осы заңға сәйкес бюджет кодексіне көптеген өзгерістер енгізілді.**



100 нақты қадам

Барлық бюджет процестері регламенттелді.Кодексте жалпылама түрде жазылса, нақты тәртібі Ережеде бекітіледі.Қабылданған жаңа Заңға бюджет процестерінің қажетті бөліктерінен құралатын Ережелері қабылданды. Заң жобасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейі ретінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2000 адамнан астам әкімшілік аумақтық бірлікте енгізілді, ал 2020 жылдан бастап барлық жерлерде енгізіледі.

Бүгінгі күнге Қазынашылықтың ақпараттық жүйесінде 4 деңгейлі бюджетке қызмет көрсетіледі,оның ішінде республикалық бюджет – 2, облыстық бюджет – 13, жергілікті бюджет – 23, жергілікті өзін-өзі басқару бюджет – 1.

Екінші кезеңде 2000 адамнан аспайтын халқы бар ауылдық және селолық округ әкімдері үшін табыс жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне тікелей аударылады.Бюджет кодекісінде бюджеттің жаңа деңгейінің кіріс көздері заңды түрде бекітілген.Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің 4 деңгейі енгізілгеннен кейін бөлу бюджеттік сыныптаманың 33 коды бойынша ауылдық округ бюджетіне дейін жүзеге асырылатын болады. Заңның 52-1 бабына сәйкес ауылдық округ бюджетіне салықтық түсімдердің 7 түрі және басқа да салықтық емес түсімдер түседі. Бюджетке түсетін түсімдерді бөлу «Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылып отыр.

Ауылдық округ бюджетіне шығыстардың 19 бағыты берілді.Бюджеттің шығыс бөлігін орындау процестері қолданыстағы жергілікті бюджетке ұқсас болады. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті елдің бюджет жүйесінің толыққанды және ажырамас бөлігі болып отыр.

Қазынашылықтың ақпараттық жүйелерінде барлық бизнес процесстер іске қосылған, олар: қаржыландыру жоспарлары, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге өтінімдер, төлемге берілген шоттар, есептілік түрлері.

Электрондық-цифрлық қолтаңбаны алу бойынша селолық округтер әкімдерінің аппараттары «Қазынашылықпен пен клиент арасындағы электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы келісім» үш данада Қазынашылық органына қолма-қол ұсынады. Келісімнің 2 данасы ХҚО-ға беріледі, әрі қарай ХҚО қызметкері кілтті растап Келісімнің бір данасын қайтарады.

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінде пайдаланушыларға ыңғайлы болуы үшін қажетті ақпарат Қазынашылық комитетінің (kazyna.gov.kz) ресми сайтында «Пайдалы ақпарат» блогында келесі бөлімдер мен сервистер орналастырылған.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2 мың адамнан асатын 1 селолық округте жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті Кеңгір селосы әкімінің аппараты енгізілді, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2 мың адамнан аспайтын 2 селолық округ Талап селосы әкімінің аппараты мен Малшыбай селосы әкімінің аппараты кіреді.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті интернет-қосылымның жылдамдығының сапасы белгіленген талаптарға сәйкес және техникалық жабдықталуымен қамтамасыз етілген.

Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті бойынша қазынашылықтың ақпараттық жүйелерінде барлық бизнес процесстер іске қосылған, олар: қаржыландыру жоспарлары, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге өтінімдер, төлемге берілген шоттар, есептілік түрлері. Салықтың алты түрі бойынша түсетін кірістер, сондай-ақ, жоғары тұрған бюджеттен жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне түсетін субвенциялар мен мақсаттық трасферттер жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне тікелей есепке алынады.

Бірінші кезекте жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті үшін жаңа алты мәнді кодтар берілді және қолма-қол ақшаның бақылау шоттары ашылады. Екінші кезеңнің жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу бойынша іс-шаралар жоспары 2019 жылы 16 мамырда бекітілген. Іс-шаралар жоспарына сәйкес 2019 жылы қыркүйек-қазан айлар аралығында ЖӨБ қызметкерлерін оқыту семинарларын өткізу жоспарланған. Жоспарға сәйкес, ЖӨБ қызметкерлерін 2019 жылдың тамыз, қыркүйек, қазан айларында 3 рет оқыту семинарлары өткізілді. Семинар барысында іс-шаралар жоспарының 2 тармағына сәйкес, Қазынашылық органына ұсынатын қаржылық құжаттарды рәсімдеу бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету» ережесі түсіндірілді, оның ішінде қаржыландыру жоспарын жүргізу бойынша айтылды.

Қазынашылық-Клиент АЖ жұмыс істеу үшін Пайдаланушының нұсқаулығы, оның ішінде «Жаңа пайдаланушыны аутентификациялау және тіркеу» , «Құжаттарға электрондық цифрлық қолтаңба қою», «Ақша алушыны ұлттық валютада ақша алушылардың анықтамалығына енгізу», «Жоспарлар мен өзгерістердің анықтамалары», «Азаматтық құқықтық мәмілені тіркеу», «Төлеуге берілетін шотты өткізу», «Есептілік модулы» бойынша бизнес-процессінің алғашқы бейне нұсқаулығын назарларына ұсынды және бизнес – процесстері бойынша түсіндірілді.

Дербес бюджетті енгізу ауылдық және селолық округтердің қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтуге және салықтарды тікелей өз бюджетіне алуы арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін күшейтуге мүмкіндік берді.

**Бейбіт ШӘКЕНОВ,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының басшысы**

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

***еңбекке ынталандырады***

**2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көрсетудің тәсілдері өзгереді. Жаңа тәсілдер АӘК-ті барынша ашық әрі әділетті етіп, адамдарды еңбекке ынталандыратын болады.**




Енгізілетін жаңашылдықтардың бірі – мемлекет еңбекке қабілетті азаматтарға жұмыс табуға көмектеседі. Азаматқа немесе отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындауда еңбекке қабілетті отбасы мүшесіне жұмыс ұсынылады. Ол келісімін берген жағдайда әлеуметтік келісімшартқа қол қойылып, АӘК төленеді.

Алайда, еңбекке қабілетті азамат жұмысқа шығудан бас тартқан жағдайда ол және оның отбасы АӘК-тен айырылады. Дегенмен, көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақы мен балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет сақталады.

Осылайша, АӘК-тің жаңа тәсілдері көрсетілетін көмекті барынша әділ етіп, азаматтарды жұмысқа ынталандыратын болады. Ал бұл өз кезегінде азаматтарға өз әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік көмек шынымен мұқтаж адамдарға көрсетілетін болады.

Әлеуметтік көмек түрлері мен оларды алу шарттары туралы әлеуметтік желіден келесі сілтемелер арқылы біле аласыздар:

Instagram: ***https://www.instagram.com/asp.kaz/***
Facebook: ***https://www.facebook.com/asp.kaz/***
ВКонтакте: ***https://vk.com/asp_kaz***

**Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

# АРМАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН КҮН

*жезқазғандықтар Тәуелсіздік мерекесін атап өтті*

**Сан ғасырлық бұралаң бұлтарыс пен тар жол тайғақ кешуді бастан өткерген қазақ халқының тарихында алтын әріптермен қашалған ең үлкен жеңісі мен жетістігі – Тәуелсіздік. Шаңырағын тіке көтеріп, керегемізді кеңейткен, өз еншіміз өзімізге бұйырған осынау ұлы күн 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мыс бұлағын ағызып, ынтымағын тасытқан мәрт мінез, қайсар жүрек, арда пейілді Жезқазған жұрты да тағатсыздана қарсы алды. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде Тәуелсіздік күніне орай өткен мерекелік іс-шара азаттығымыздың айбыны, егемендігіміздің басты белгісі болған Туымыздың көкке көтерілуімен басталып, қолдарын жүрек тұсына қойып мақтанышпен елдігімізді әнге қосқан Әнұранымызды мақтана шырқаумен жалғасты.**





– Тәуелсіздік – барша қазақстандықтарды біріктіруші ең үлкен қозғаушы күш. Азаттығымыз тойланып отырған 28 жыл ішінде еліміз талай ірі оқиғалардың бел ортасында болып, биік белестерді, құзар шыңдарды бағындырды. Бұл – алдымен, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың білгір көшбасшылығы мен көреген саясатының арқасы. 2019 жыл барша қазақстандықтар үшін есте қаларлық ерекше жыл болып, саяси оқиғаларға толы болды. Мемлекет басына келген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Халық үніне құлақ асатын» мемлекет тұжырымдамасы қалыптасып, ел тұрғындарының билікке деген сенімін нығайту мақсатын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі жұмыс істей бастады. Айбынымызды асырар ұлы мерекемен қатар сүйікті қаламыздың 65 жылдығы дүбірлі түрде өтті. Келер жылы еліміз Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Абай Құнанбайұлының 175, Ұлы Отан соғысының 75, Ата Заңымыз Конституция мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 жылдық мерейлі мерекесін атап өтетін болады. Мен осынау айтулы күндердің ел жастарын отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы ерекше деп білемін. Қымбатты жерлестер, біз тек бекем бірлік пен айрықша ауызбіршіліктің арқасында ғана ең басты құндылығымыз Тәуелсіздігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды және оның жетістіктерін сақтап қала аламыз. Сіздерге береке мен бірлік және зор ақыл мен парасат тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бай қуатты болуына тілектеспін. Ортақ шаңырағымыз Қазақстанымыз гүлдене берсін,– деді өз құттықтауында Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов.

Мерекелік кеш қала басшысының салтанатты марапаттауымен жалғасты. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 4 қарашадағы 202 Жарлығымен «Күміс алқа» алқасымен Айнұр Әбікенова, «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісімен Құралай Мергенбаева, Мәкеш Жанегізова, Мырзагүл Оспанова, Сарвара Абдразақова «Кәсіби жетістіктері үшін» төсбелгісімен Жұмакүл Қалмағамбетова, Оралғайша Нығматуллина, Сабира Тоқтыбаева, Әсия Қадыроваға табыстады. Ал, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар Айтгүл Махметова, Мақпал Орынбетова, Жанаргүл Әбілдаева, Гүлімжан Құлжанова, Гүлжазира Акубаева, Рысгүл Ермағанбетова, Дүйсенбек Кенжеев Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен, ал Алғыс хатпен Қасиет Шәкенова, Жездібай Өтеулиев, Ақмарал Жантенова, Үрзипа Оспанова, Алтынай Әзімбаева, Батырхан Оспанов марапатталды. Қаден Шотанов, Дмитрий Мазий, Тағанбай Салқауов, Балтабай Малдыбаев, Жалғас Үңгітбаев, Шүкір Молдағалиева, Әлжаппар Абрезов, Александр Акулов, Береке Көшенов, Силар Қияқбаев, Раушан Қожабаева, Станислав Филлипович, Ғазиз Ештанаев, Нүрия Жұмажанова, Геннадий Мацкевич, Бақтай Нұрғалиев, Александр Рандицкий, Гүлшат Махатова, Нұршайым Балғожина, Гульсина Гареева, Сәуле Төлеуова, Александр Литвиненко, Алтын Шайменова, Күләш Жолдыбаева, Татьяна Панкрашкина, Назыл Жашибеков, Наталья Апсалямова, Нұрлан Батырханов, Зәуре Омарова еліміздің дамуы мен өркендеуі жолындағы еңбегі үшін табысталған «Жезқазған қаласына 65 жыл» мерекелік медалін иеленді. Қала әкімінің Құрмет грамотасын Марат Бекжанов, Жанар Ақеділова, Алмас Ахметов, Әсем Қадырсызова, Думан Тілекбеков, Ардақ Қалекенов, Елеусіз Аханов, Рауан Окшиева, Айсұлу Елубаева, Сәрсенкүл Битанова, Мақпал Смайлова, Тұрсынай Аянбаева, Гүлсім Әбдрахман, Бимұрат Жұмашев, Руслан Нұрахметов, Азамат Минкаев, Серік Асқарбеков, Құсайын Жанаев, Маратбек Қалиев, Айман Бұлдыбаева, Лидия Шахмұратова, Бағлан Досжанова, Светлана Фицнер, Назымқыз Әлімбаева, Елена Филина, Ардақ Омарова иеленді.

Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Алғыс хатымен Нұрлан Шегебаев, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Жұлдыз Есмағанбетова, Айгүл Дүйсенбаева, Майра Мұқанова, Бекзат Балтабеков марапатталды.Шара барысында Советбек Медебаев пен Бауыржан Шыңғысов та қала тұрғындарын мерекелерімен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында елдің жүгін көтеріп жүрген құрметті ел азаматтары да елеусіз қалмады. Соның бір дәлелі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің Құрмет грамотасымен Советбек Медебаев, «Nur Otan» партиясы саяси бюросының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен Бауыржан Шыңғысов және Қазақстан Республикасы Мәслихатының Құрметті депутаты және Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жомарт жүрек сыйлығының «Жыл тұлғасы» номинациясын иеленген Бекзат Алтынбековтің және «Үздік



әлеуметтік жауапты кәсіпорын» сайысында күміс жүлдені иеленген «Ютария» компаниясының басшысы Сәуле Шәуеноваға зор қошемет көрсетіліп, жетістіктерімен құттықтады .

# ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ

**Тәуелсіздік күні мерекесі қаламыздағы іргелі білім ошақтарының бірі Жезқазған бизнес және көлік колледжінде де өз мәнінде атап өтілді. «Отбасы тағдыры – ел тағдыры» тақырыбында өткен шара Жезқазған қалалық қоғамдық келісім кеңесі мен Аналар кеңесінің қолдауымен ұйымдастырылды.**



– Тәуелсіздік – барша батыр да асыл бабаларымыздың сан ғасырлардан бері арман еткен асыл тілегі, мәңгілік мұраты. Осы жолда қаншама өр кеуделі, биік болмысты бекзада тұлғалар жанын құрбан етті. Сан жылдық қиямет-қайым берілмес күрестің арқасында қазақ елі Тәуелсіздігін алды. Міне, біздің осылай емен-жарқын ел болып, басымыз бір арнаға тоғысып, той тойлап жатқандығымыздың өзі – Тәуелсіздіктің жемісі. Ел болашағы – жастардың қолында екендігі белгілі. Ендеше, елдігіміздің қос қанатындай болған Тәуелсіздік және бейбітшілік ұғымдары мәңгі болсын деймін. Көк туымыз мәңгі биікте қалықтасын! – деген тілегін білдірді шара басында колледж басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Светлана Жумкина. Одан әрі құттықтау лебізін білдірген «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова да жастарға Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихын баяндап берді.

Халықаралық ән байқауларының лауреаты, Жезқазған музыкалық колледжінің студенті Жанна Әбішованың орындауындағы «Бұлбұл» әнімен ажарланған мерекелік кеш қала мектептерінің кішкентай тәрбиеленушілері дайындаған өлең-жыр және қойылымдармен жалғасты.

Шараға Жезқазғанның атын дүйім көпшілікке жария етіп жүрген республикаға белгілі мысты шаһар өрендері де шақырылды. Олардың қатарында «Art-Bayterek» халықаралық конкурсының бас жүлде иегері Мәди Аманбаев, Анталияда өткен ментальді арифметика жарысының чемпионы Аяулым Сейілбек, көптеген киокушинкай каратэ сайыстарының жеңімпазы Әдемі Мүбәрак, академик Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің оқушысы, қалалық олимпиадалар мен шығармашылық сайыстардың жеңімпазы Бексұлтан Серікбай, «Өркен» дарынды балалар мектебінің озат оқушысы, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша республикалық пәндік олимпиаданың І орын иегері Келбет Қомар, киокушинкай каратэ спорты бойынша республикалық ашық турнирдің І орын иегері Жанқұтты Жантілеу бар. Шара барысында қатарластарынан оза шауып, жас та болса түрлі белестерді бағындыра білген кішкентай мақтаныштарымызбен сұхбат ұйымдастырылды және олар өз өнерлерін ортаға салды.

Іс-шараның соңғы бөлімінде кеш қонақтары Ұлытау ауданы, Шеңбер аулының тұрғындары, республикалық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары Мусиндер әулетімен кездесіп, сырлы сұхбат құрды.

– Мен Кеңес Одағында дүниеге келдім. Қаншама жыл кеңестік қатал саясаттың боданында өмір сүрдік. Азаттықты арман еттік. Аллаға шүкір, Тәуелсіздігімізге қолымыз жетті. Ұрпағын өзгеге қол жайғызбай, ұлан-ғайыр даланы мұра еткен батыр бабаларымыз аттың жалы, түйенің қомында ер етігімен су кешіп, аты ауыздықпен су ішкен қиын замандарды басынан өткерді. Міне, осындай қиын сүрлеулі жолдардан өтіп қол жеткізген Тәуелсіздігіміз біз үшін қашаннан да қастерлі, қай кезде де қымбат. Еліміздің бұдан әрі де биіктерден көрінетініне сенемін. Ұрпағымыз аман болсын, – деген 36 немере, 20 шөбере тәрбиелеп отырған Оразалы ақсақал барша кеш қонақтарына ақ батасын беріп, шараны ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Шара соңы «Жезқазған інжу-маржандары» хорының ән шашуымен қорытындыланды.

# ЖЫР АРҚАУЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК

**Тәуелсіздік – қаламсаптан сыр ұғып, ақ парақ бетіне жүрек түпкіріндегі арда сезімдері мен арман-тілектерін төккен ақындардың мәңгілік тақырыбы. Қаламыздағы біртуар қазақ ақыны Сәкен Сейфуллин атындағы кітапханада «Тәуелсіздік – таң нұры» тақырыбында Жезқазған-Ұлытау аймақтық жас ақындарының жыр кеші өтті.**




Іс-шараға Қазақстан Жазушылар одағы Жезқазған қалалық филиалының төрағасы, ақын, жазушы, журналист Батырбек Мырзабеков, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ақын, режиссер Кенжебай Ахметов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ғазиз Ештанаев, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі Амандық Рахұлы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, әнші Береке Көшенов, «Дидар» телеарнасы басшысының орынбасары Төлеш Асантегі, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Жезқазған-Ұлытау аймағы бойынша меншікті тілшісі Әлібек Әбдраш, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ізтөлеу Түсіп, «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаева және Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан қонақ болды.

Өлең сүйер көрерменге жас ақындар Құрмет Тілеулинов, Медет Қарахметов, Жанат Әбдіғожин, Мұқағали Сейтқазы, Абай Ораз, Айнұр Бектасқызы, Аружан Оралбай, Ақниет Тағыберген сынды жас ақындар Тәуелсіздік, Отан, туған тіл және түрлі еркін тақырыптарда жыр шумақтарын оқыды.

– Бүгінгідей жыр кездесулері біздің жас күнімізде де болатын. Марқұм болған бүкіл қазаққа белгілі ақын ағамыз Сайлаухан Нәкенов менің қатарластарымды жинап, түрлі жыр кештерін ұйымдастыратын. Сайлаухан ұйымдастырған жыр кештерінің басты ерекшелігі – ол бізден әрдайым жаңа өлең талап ететін. Біз кез келген кешке жаңа өлеңмен бару үшін жыр жазып, өзара жарысып жанұшыратынбыз. Мен сол дәстүрдің қазірде жалғасын тапқанын қалар едім. Құрметті жас ақындар, ізденуден жалықпаңыздар, шабыттарыңызды шыңдаңыздар, біз аға буын сіздерге қолдау көрсетуге әрқашанда дайынбыз, – деген Батырбек Мырзабеков кездесуді ұйымдастырған Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанындағы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығына алғысын білдірді.

Шара соңында сөз алған Ғазиз Ештанаев жас ақындарға мерекеге орай дайындалған сыйлықтарды табыстады.

**Өз тілшіміз**

# АНА ТІЛДІҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТТЫ

**Басты асыл құндылығымыз, асқақ айбынымызға айналған туған тіліміз қазақ тілінің болашағы өз елін сүйген әрбір азаматты алаңдатары хақ. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Жезқазған мыс қорыту зауыты қызметкерлерінің мерекелік концерті «Туған тілім –Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында ұйымдастырылды. Өндіріс пен өнерді ұштастырған аталмыш зауыт қызметкерлерінің өнерін тамашалауға Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының бас маманы, ақын Ізтөлеу Түсіп пен Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ғылыми қызметкері Алтынай Бірмұқанова арнайы қатысып, жылы лебіздері мен ыстық қошеметтерін білдірді.**



– Тіл – барша адамзат баласының басты байлығы. Тілі жоғалған жұрттың өткені мен бүгіні де, болашағы да қараң. Біз өз қызметкерлерімізге әрдайым мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін барынша жете ұғындырып отырамыз. Біздің мамандардың барлығы дерлік қазақ тілін жақсы біледі және түсінеді, қарым-қатынаста еркін қолдана алады, – деді шара басында сөз алған Жезқазған мыс қорыту зауытының бас инженері Шоқан Аблаисов.

Шара одан әрі өлеңге құштар жас өрендер Төрежан Сапабек, Сания Оспанова, Тоғжан Төлеуова, Сәнім Шалқарбек, Айғаным Төлеуованың Тәуелсіздік туралы жыр шумақтарымен жалғасты. Закария Нұрболат, Жанғали Макай туған жер туралы әндерін шырқап, Айнұр Бектасқызы өз шығармашылығынан өлеңін оқыды. Сонымен бірге мыс қорыту зауыты қызметкерлерінің арасында ұйымдастырылған «Мамандығының үздігі» конкурсының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздарға құрмет көрсетілді. Атап айтқанда, балқытушы Данияр Құлмағамбетов жүлделі І орынды иеленсе, Айбар Тілепберген ІІ орынды, Асхат Төлеутай ІІІ орынға лайықты деп танылды.

# МУЗЕЙДЕГІ МАҒЫНАЛЫ КЕЗДЕСУ

*Тәуелсіздік – жас жүректің жүрегі,*
*Тәуелсіздік – аяулы ана тілегі.*
*Тәуелсіздік – бабалардың арманы,*
*Аңсап жүрген, аңсап жүрген үнемі...*

Иә, Тәуелсіздік – баға жетпес құндылық. Желтоқсан айы – қазақ еліне тәуелсіздік сыйлаған ай. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін бесіктегі баладан еңкейген қарияға дейін жан-тәнімен түсінуі тиіс. Ару қыздардың арымен, қайсар жігіттердің қанымен, қыршындардың жанымен, қайғы-қасіреттің бәрімен келген еркіндіктің еліміз үшін құны бағалы. Осы мәртебелі мейрам – Тәуелсіздік күніне орай әр қалада, әр өңірде, әр мекемеде патриоттық-рухани іс-шаралар өтуде. Соның бірі – Жезқазған қаласындағы тарихи-археологиялық музейде №13 жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі, музейтану үйірмесінің жетекшісі Ғайни Рахметованың ұйымдастыруымен, 6 «Ж» сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік – тірегім» тақырыбында өткен ашық тәрбие сағаты.



Салтанатты іс-шарада ең алдымен еліміздің Әнұраны шырқалды. Жүргізушілер атаулы мейрамның мән-мағынасы туралы қысқаша мағлұмат берді. Музей директоры Раушан Қапарова шара қатысушыларына ізгі лебізін білдіріп, Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті туралы айтып, музейдегі жәдігерлер, тарихи оқиғалар туралы тың ақпараттармен бөлісті. Балаларға Желтоқсан оқиғасы туралы бейнеролик көрсетілді. Арман Сәбет Құрманғазының «Сарыарқа», Дәулеткерейдің «Көроғлы» күйлері арқылы домбыраның қоңыр үнімен сусындатты. Дінмұханбетжан Нұрмағанбетов, Бейбарыс Үсенов, Әлихан Шайхин Қайрат Рысқұлбековтің монологын оқып, тебірентті. Дамир Абенов, Дінмұхамбет Серік, Наргиз Сламбек, Назым Өмірзақова, Асанәлі Тыным, Жаһангер Тілеуберген «Заңдылық», «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңдерін асқақ рухпен оқыды. Әділболат Арманұлы, Диас Балғатай Тәуелсіздік жайлы өз пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, оқушылар жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденқызына өз сұрақтарын қойып, емін-еркін сұхбаттасты. Рухани кеш соңында «Көк тудың желбірегені» әнін қонақтар, ұстаздар, оқушылар асқақ рухпен қосыла шырқады.

Еліміздің болашағының негізін қалайтын оқушыларға асқақ рух, тың серпін сыйлаған рухани кеш рухани жаңғыруға ұйытқы болары сөзсіз.

**Ізтөлеу ТҮСІП**

# ЭНЕРГЕТИКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

**Тәуелсіздік мерекесімен қатар келетін энергетиктер күні қарсаңында қаламыздағы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының қызметкерлері де ескерусіз қалмады. Технологиялар алға озған біздің дәуірімізді электр энергиясынсыз елестету мүлде мүмкін емес. Осынау қауіпті де жауапкершілігі мол мамандық иелері Тәуелсіздік күні қарсаңында құрметке бөленді.**

– Еліміздің өркендеу жолында сіздердің де еңбектеріңіз орасан зор. Сіздерді «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысовтың және өзімнің атымнан шын жүректен мерекелеріңізбен құттықтаймын. Отбасыларыңызға амандық, бақыт, береке тілеймін. Еңбектеріңіз еленіп, марапаттарыңыз еселенсін. Тәуелсіз еліміздің аспаны мәңгі ашық болып, жұмыстарыңыз гүлдене берсін, – деп тілегін білдірген «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Қарағанды облыстық филиалының директоры Нұрболат Күлбай энергетика саласының білікті мамандарын марапаттады.



Іс-шарада Қалыбай Құлмұратов пен Станислав Казаховқа, Әсия Шамбұлға, Александр Карпенко мен Наталья Жуйковаға, Шарипа Ақпароваға, Злина Әубәкіроваға, Орынбай Мұхамбеталиевқа, Динара Нұрмұқашева және Ольга Коломойцеваға Тәуелсіз Қазақстанның экономикасына қосқан өлшеусіз үлесі үшін партия филиалының Алғыс хаттарын және ақшалай сыйлықтары табысталды.

*Материалдарды әзірлеген* **Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# КЕҢГІР ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚАЛА

(Соңы. Басы 1-бетте)



УКАЗ
ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

О преобразовании рабочего посёлка Большой Джезказган Джезказганского района Карагандинской области в город областного подчинения

Преобразовать рабочий посёлок Большой Джезказган Джезказганского района Карагандинской области в город областного подчинения, присвоив ему наименование город Джезказган.

Включить в административное подчинение Джезказганского городского Совета рабочий посёлок Джезказган Джезказганского района Карагандинской области.

Председатель Президиума Верховного Совета Казахской ССР (И. ЛУКЬЯНЕЦ)

Секретарь Президиума Верховного Совета Казахской ССР (А. АМИРИЕВ)

г. Алма-Ата
20 декабря 1954 г.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
УКАЗЫ
Қарағанды облысы Жезқазған ауданы Үлкен Жезқазған жұмысшы қалашығын облысқа бағынатын қала етіп қайта құру туралы

Қарағанды облысы Жезқазған ауданы Үлкен Жезқазған жұмысшы қалашығы облысқа бағынатын қала болып қайта құрылып, ол қалаға Жезқазған аты берілсін.

Жезқазған қалалық Советінің әкімшілік бағынысына Қарағанды облысы Жезқазған ауданы Жезқазған жұмысшы қалашығы енгізілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Төрағасының орынбасары — И.Лукьянец

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары — А.Әміриев

Алматы қаласы,
1954 жылғы желтоқсанның 20-күні.

Жезқазғанның болашағын дәлелдеу жолында талмай күрескен Қанекең бастаған геологтар кен орнындағы мыстың қорын 1935 жылы 3 млн.тонна деп анықтаса, бұл көрсеткіштің 1938 жылы 4 млн. тоннадан асып кеткендігі жөнінде қорытындылар жасалды. Сөйтіп шалғайдағы Жезқазған мыс қорының көлемі жағынан Кеңестер одағы бойынша бірінші орынға, ал дүниежүзінде төртінші орынға шыққан соң оны мойындамасқа амал қалмады. Ақыры 1938 жылдың 10 ақпанында Ауыр өнеркәсіп Халық комиссариатының жаңа бұйрығымен Жезқазған комбинатының бірінші кезегін 1941 жылдың басында іске қосу міндеттелсе, жалпы комбинат құрылысы 1943 жылы аяқталуға тиіс болды. Еліміздегі түсті металлургияның алыбы атанған Жезқазған өндірісті аймағының құрылысы Қанекеңнің шапағаты арқасында осылай басталған болатын.

Бүгінгі Жезқазған қаласының іргесі 1939 жылы 3 мың халқы бар Кеңгір елді-мекенінің орнына тұрғызылған. Олай аталуы Қаракеңгір мен Сарыкеңгір өзендерінің қосылып Кеңгірге айналатын төменгі ағысының осы жерден өтуіне байланысты. Әйтпесе, ертеде Бекболат ауылы жайлайтын бұл жер Наушабай аталған көрінеді. Кенді өңірдің кемел келешегін қапысыз болжаған Қаныш Имантайұлы отызыншы жылдардың басында-ақ бұл жерде үлкен өндірісті қала болатындығын білген ғой. Ол сол арманына жету үшін өндіріс көлемі жөніндегі деректерін талмай сараптап, тынымсыз еңбек етті. Сөйтіп, болашақ қала 1941 жылы Үлкен Жезқазған кенті деп аталды. Кеңгірдің сағасы бөгеліп, айдынды су қоймасы салынды. Ақыры көптен күткен күн де жетті.



Кеңгір жағасында бой көтерген жас қала қарыштап өсіп, қанаттанып жайнай түсті. Қала мәртебесін алған 1954 жылы 30 мың тұрғыны болса, Жезқазғанда қазір 96 мың адам тұрады. Сөйтіп «бұл жерде қала болады», – деген Қаныш Имантайұлының арманы өмір шындығына айналды. Мысты қала бүгінде 65 жылдық асуын атап өтуде. Түсті металлургияның орталығына айналған Жезқазған тек Қарағанды облысының ғана емес, Қазақстанның экономикалық дамуында елеулі орны бар айтулы өндірісті қала екенін ел жақсы біледі. Оның мәдени-әлеуметтік салалары да жыл сайын жаңғырып, жайнай түсуде. Білім ұялары, медициналық емдеу мекемелері, нарықтық нысандары мен халыққа қызмет көрсету орындары заман талабына сай жедел өркен жаюда. Кеңгірдің қос жағалауына қанатын жайған қаланың болашағы бұдан да жарқын болары анық.

**Амандық РАХҰЛЫ**




## Жезқазған қаласының жылнамасы

***2008 жыл***

24 қаңтарда Жезқазғанда өткізілген «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» атты республикалық форум жұмысына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысты.

Тамыз айында Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ұйғарымы бойынша Жезқазған мешітіне Ахмет ишан Оразайұлының есімі берілді.

Алматыдағы «Эвро» баспасынан «Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су атаулары» атты кітап жарыққа шықты.

«Нұрсаулем-ай» ансамблі Испанияның Салоу қаласында өткен сегізінші бүкіләлемдік конкурс-фестивальде бас жүлдені жеңіп алды.

«Қазақмыс» корпорациясының демеушілігімен «Жезқазған өңірінің қолданбалы өнер шеберлері» атты фотоальбом жарыққа шықты.

***2009 жыл***

Қаңтарда Астанада өткен алқалы жиында Елбасы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі республикалық «Парыз» байқауының қорытындысын шығарып, Бас жүлдені «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Президенті В.Кимге табыс етті.

Сәуір айында Жезқазған қалалық мәслихатының XXXVI сессиясы қалалық ономастикалық комиссияның ұсынысы бойынша қаланың солтүстік-батыс ауданында жаңадан салынып жатқан жетінші ықшам ауданның бір көшесіне еліміздің азаттығы жолында тер төккен Тілеулі батыр Әбдірахманұлының есімі берілді.

Жаңа оқу жылында орта арнаулы оқу орны «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» жаңадан шаңырақ көтеріп, алғашқы қоңырау салтанатын өткізді.

74-орамда жаңадан салынған мәдени-спорттық сауықтыру кешені ашылды.

1964 жылы салынып пайдалануға берілген қаламыздағы бұрынғы спорт сарайын «Қазақмыс» корпорациясы күрделі жөндеуден өткізіп, қалаға сыйға тартты.

Қаламыздағы перзентхана ғимаратын жөндеп, жаңғырту үшін «Жол картасы» жобасы бойынша 80 миллион теңге бөлініп, қарқынды жұмыс жүргізілді.

***2010 жыл***

Жезқазған қаласының бульварын, кейбір көше атауларын қайта атау туралы Жезқазған қаласы әкімінің 10 қыркүйектегі №20/01, Жезқазған қалалық мәслихатының 14 қыркүйектегі №26/313 бірлескен қаулы және шешімімен Сәкен Сейфуллин бульвары «Ғарышкерлер» бульвары болып, Жастар көшесі Желтоқсан көшесі, Некрасов көшесінің Қасым Аманжолов көшесі қиылысынан бастап, Алашахан даңғылына дейінгі бөлігі Сәкен Сейфуллин көшесі болып қайта аталды.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, еңбек ардагері, 1973-1986 жылдары Қазақстан коммунистік партиясы Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған, өмірінің соңына дейін Жезқазған қаласының өркендеп өсуіне елеулі үлес қосқан Ошақбай Асылбековтың құрметіне берілген көшеге ескерткіш тақта орнатылды.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймағы бойынша өкілдігінің қолдауымен қалалық көпсалалы аурухана жанынан Жезқазған медициналық колледжінің оқу орталығы ашылды.

Өлкетанушы С.Бүкіровтің «Жарқын жылдар жаңғырығы» кітабының тұсаукесері өтті.

Париж қаласында өткен халықаралық «Юность планеты» конкурсында Жезқазған қалалық өнер мектебінің «Дала гүлдері» хореографиялық би ансамбльдері қатысып, жүлделі екінші орынды иеленіп қайтты.

***2011 жыл***

28 сәуірде қоғам және мемлекет қайраткері, журналистика саласының майталманы, публицист Камал Смайылов атындағы көшеге пилон орнатылды.

31 мамырда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні шаһардың батыс аймағындағы Кеңгір жағасында қаралы күндердің өшпес белгісі ретінде жаңа ескерткіш ашылды.

«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды.

С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында Жезқазған қаласының, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Жезқазған өңіріндегі әлеуметтік саланың дамуында өзіндік қолтаңба қалдырған Сағындық Қожамсейітовтың 70 жасқа толуына арналған «Туған жерім – тегім менің» атты кеш өтті.

С.Қожамқұлов атындағы драма театрда ҚР-ның Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамединнің орындауындағы халық арасында сирек орындалатын 12 ән кірген, Алматы қаласындағы К.Сәрсенова студиясында жазылған «Жезкиік» үнтаспасы жарыққа шығып, тұсаукесер концерті өтті.

Алаштың айбары болған Абылай ханның 300 жылдығына байланысты республикалық «Нұр Отан» партиясы мен Жезқазған қаласының әкімдігі бірлесіп «Абылай хан және қазақ тарихы» деген тақырыпта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференция Жезқазғандағы көрнекті жерден орын алған Абылай ханның жаңа тұрпаттағы жаңғырған ескерткішін салтанатты түрде ашумен басталды.

Сәкен Сейфуллин мен Қасым Аманжолов көшелерінің қиылысында ақиық ақын, қазақ поэзиясының классигі Қасым Аманжоловтың бюсті салтанатты жағдайда ашылды.

«Мақпал» би ансамблінің жұлдыздары Голландиядан бас жүлдемен оралды.

Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы негізінде 240 балаға арналған «Балбөбек» балабақшасы ашылды.

Ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының, КСРО Журналистер одағының мүшесі, марқұм Сайлаухан Нәкенов тұрған Алашахан даңғылы бойындағы үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, әнші-сазгер Жақсыкелді Сейіловтың өмірінің соңғы жылдарында тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды.

1994 жылы «Сарыарқа» кинотеатрының алдына қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, мемлекет және қоғам қайраткері С.Сейфуллиннің жаңа ескерткіші орнатылды.

***2012 жыл***

Автокөліктер және басқа да техникаларға қажетті сүзгілер дайындайтын «Казтехфильтр» кәсіпорны өз жұмысын бастады.

Облыстық білім басқармасының мұрындық болуымен №9 кәсіптік лицейдің ғимаратында қаладағы «Үміт» балалар үйінің жанынан 35 балаға лайықталған «Жасөспірімдер үйі» есігін айқара ашты.

Астана қаласының баспаханасынан жерлесіміз Ө.Мұқанұлының «Қазақтың 6000 мақал-мәтелдері» атты кітабы жарыққа шықты.

Облыстық мәслихаттың депутаты Базарбай Әлеуханұлының мұрындық болуымен қалалық «Дидар» телерадиохабарларын тарату компаниясының ғимаратында аймақтық баспасөз клубы ашылды.

Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде жыршы, термеші, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Шынболат Ділдебаевтың туғанына 75 жыл толуына орай еске алу жыр-терме кеші өтті.

***2013 жыл***

7 тамызда С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында Жезқазған-Ұлытау аймағының жұртшылығы Қазақстан Журналистер, Қазақстан Жазушылар, Қазақстан театр қайраткерлері одақтарының мүшесі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Апбаз Қаражігітовтің 90 жасқа толған мерейтойын атап өтті.

9 желтоқсандағы Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Жезқазған музыкалы-драма театрының сахнасында 40 жылға жуық еңбек еткен Райхан Ибраева «Құрмет» орденімен марапатталды.

Жезқазғанға жұмыс сапарымен Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Өңірлік даму министрі Бақытжан Сағынтаев келіп, аймақтық маңызы бар нысандарда болып, өндіріс орындарының жұмысымен танысты.

Мұғалімдер күні қарсаңында №5 орта мектепте Жезқазған аймағындағы білім саласын дамытуға айрықша үлес қосқан тұлға Қабден Шыңғысовтың мұражайы ашылды.

«Жезқазған-Сексеуіл» темір жолы Қоскөл станциясынан 70 шақырым жерде Сексеуілден тартылған жаңа жолмен түйісті.

Жезқазған мыс зауыты қайта жаңғыртуға тоқтатылды. Қайта жаңғырту кезінде Жезқазған кен орындарының қоры мен Бозшакөл концентратын біріктіріп өңдейтін жаңа технология енгізіледі.

«Мысты өңір» газетіне 25 жыл толды.

Облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында жарияланған «Алтын сұңқар» сыйлығын «Мысты өңір» газетінің редакторы Амандық Рахұлы иеленді.

***2014 жыл***

27 ақпан күні Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде XXIV аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі салтанатты жағдайда ашылды. Фестиваль аясында ақын, сатирик Базарбай Әлеуханұлының «Қолымда менің қалам бар» атты жыр кеші, С.Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театрда ақын Тайжан Қалмағамбетовтың туғанына 135 жыл толуына орай II аймақтық дәстүрлі әндерді орындаушылар байқауы өткізіліп, Жезқазған көрме залында суретші, дизайнер Зейнолғабдин Мұхамединнің «Арнау» атты жеке көрмесі ашылды.

22 тамызда Ел Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев Қарағанды облысындағы жұмыс сапары барысында Жезқазған-Ұлытау өңіріне арнайы атбасын бұрды. Мемлекет басшысының қатысуымен Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл теміржол желілері салтанатты жағдайда ашылды.

Жезқазған университетінде осы оқу орнының профессоры Т.Алланиязовтың қазақ және орыс тілінде жазылған «Ерекше лагерьлер» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта фотоматериалдар және құжаттар жинақталған.

***2015 жыл***

Дәстүрлі аймақтық «Ұлытау үні» фестиваліне 25 жыл толды.

Халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі аясында Аманжол Омаровтың «Өлеңім – бақытым» атты шығармашылық кеші өтті.

XXV аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі аясында «Жүректегі жазулар» атты Нұрасила Барменбаеваның еске алу кеші өтті.

Әнші композитор Ж. Сейіловті еске алуға арналған Т. Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Береке Көшеновтің ән кеші өтті.

«Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы бойынша Байқоңыров көшесі 123 «А» мекенжайында орналасқан 5 қабатты үйдің кілті 50 жас отбасына табыс етілді.

Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Жезқазған шахта-проходкалау тресінің тұңғыш басшысы, Қазақ КСР-інің Құрметті кеншісі, «Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Ғазиз Омаровтың туғанына 90 жылдық мерейтойына орай тұлғаның есімін иеленген көшенің бойынан ескерткіш мүсін ашылды.

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы қарсаңында Теректі ауылында Отан қорғауға аттанған майдангерлерге арналған ескерткіш-тақта салтанатты түрде ашылды.

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» атты пьесасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасы болды.

Тамыз айында Жезқазған тарихи-археологиялық музейіндегі «Бұланты шайқасы» диорамасын Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков келіп тамашалады.

Аймақтық «Сарыарқа» газеті бас редакторының орынбасары Сара Смағұлдың 60 жасқа толуына орай С.Сейфуллин атындағы кітапханада «Жүрген жолым – өмірімнің өрнегі» атты шығармашылық кеші өтті.

Азия чемпионатында Жезқазған қаласындағы байдарка және каноэда ескек есуден мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебі спортшылары жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында бір алтын, бір күміс медальді қанжығасына байлады.

Қараша айында Үйтас-Айдос құбырының 13 шақырымы күрделі жөндеуден өтті.

Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында С.Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театры жерлестеріне К.Әбдірахманның шығармасы желісінде тарихи тұлғаның атымен аталған «Кетбұқа» тарихи драмасын ұсынды. Драманың режиссері – Т.Әбдімәлік.

***2016 жыл***

15 наурызда Астана уақыты бойынша 19:10-да Жезқазған вокзалынан «Жезқазған-Қызылорда» бағытындағы №618 поезы сапарға аттанды. Оны бірінші деңгейлі машинист Владимир Коршинов басқарды. Жезқазғаннан шығатын №618 поезд жұп күндері, ал, Қызылордадан Жезқазғанға қайтатын №617 поезд тақ күндері жүреді.

Белгілі қаламгер Батырбек Мырзабековтың «Ұлытаудың ұлы» атты жаңа кітабы жарық көрді. Кітап Алматы қаласындағы «Полиграфкомбинат» баспасынан жарық көрген.

Серке Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театрында өңірімізге белгілі композитор Марат Түсіпбековті еске алуға арналған «Сен жайлы...» атты шығармашылық кеші өтті.

Астанадағы «Конгресс-Холл» сарайында «Ұлытаудан қанат қаққан Тайжан ақын» атты тақырыпта Тайжан Қалмағамбетовтің әндерінің концерті өтті.

30 қыркүйек күні «Сарыарқа» газетінің 8000-шы номері жарыққа шықты.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы, ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын Алаш көсемі Ә.Бөкейханның 150 жылдығы, 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында Ұлытау – Торғайдан – Тоқырауынға дейінгі далалық өлкедегі тарихи тұлғалар есіміне байланысты орындарда «Қыр баласының ізімен» атты экспедиция ұйымдастырылды.

Қазан айында республикалық «Ұлытау және Ұлт» журналының №1 саны шықты. № 1 саны Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановқа тұтастай арналып, Ұлытаудың қос қыранының 100 жылдығына арналып, «Орхон» баспа үйінде беттеліп, Алматыдағы «Мереке баспа үйінен» басылып шықты. Журналдың бас үйлестірушісі – Батырбек Мырзабеков, бас редакторы – Сара Смағұл, жауапты редакторы - Ғазиз Ештанаев.

Белгілі публицист Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың 100 жылдығына орай қаламызда «Ұлытаудан түлеп ұшқан қос қыран» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциясы ұйымдастырылды.

2016 жылдың қараша айында Ұлытау ауданының Құрметті Азаматы атанған Қуаныш Ахметовтің туғанына 70 жыл толуына орай «Ұлытау жыршысы» атты кітап Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарыққа шықты.

Желтоқсанда «Жалтырбұлақ» алтын кенін шоғырлы сілтіксіздендіру қондырғысы мен өндірістік модуль салу жобасы ашылды. Жоба құны – 3,4 млрд. теңге, 150 жұмыс орны ашылды.

***2017 жыл***

Жезқазған қалалық тарихи-археологиялық музейінің басшысы болып Раушан Оңқонысқызы Қапарова тағайындалды.

Ақпан айында «Жезқазған, Сәтбаев, Ұлытау ақсақалдарының алқасы» қоғамдық бірлестігі құрылды. Қоғамдық бірлестік заңды тұлға ретінде Қарағанды облыстық әділет басқармасында тіркеліп, 16 қаңтар күні мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. Бірлестік төрағасы болып Күзембай Сүттібаев сайланды.

Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының 2017 жылғы 7 сәуірдегі бұйрығына сәйкес Қаныш Төлеуұлы Назарымбетов Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, режиссер, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, профессор Жанат Әубәкірұлы Хаджиев қайтыс болды.

Қазақ кино өнеріндегі әдеттегі туындылардан бөлекше, айтары астарлы, арқауы – психологиялық ішкі ой иірімдеріне құрылған жаңа фильм Жезқазғанда дүниеге келді. «Наза» деп аталатын бұл фильмнің авторы – Қазақстан Театр қайраткерлері одағының және Жазушылар одағының мүшесі Кенжебай Ахметов.

Журналист Балтабек Әбеуовтің журналистік жазбалары жинақталған «Қасиет» атты алғашқы кітабы жарыққа шықты.

Qazaq Air әуе компаниясы 19 тамыздан бастап Астана – Жезқазған бағытында жаңа әуе рейсі ашылғандығын хабарлады.

Сапары Моңғолияның Кентай аймағынан басталған «Кентайдан Ұлытауға дейін: тарихи жадының жаңғыруы» III халықаралық экспедициясы Ұлытау өңіріне келіп, әлем тарихында көрнекті орын иеленетін Жошы хан, Домбауыл кесенелері мен Алаш баласының бірлігінің символы Алаша хан мазарында болды.

Мысты өлкенің жыл мұғалімі атанған Зейнеш Бәйменова республика көлемінде топ жарды. Ол Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған байқауда «2017 жылдың үздік педагогы» атанды.

Қаламызда жырау, ақын, би, шешен, батыр Кетбұқа баба ескерткіші ашылды.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалы-драма театрының 45 жылдық мерейтойы аясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Жанат Хаджиев атындағы 1 аймақтық театрлар фестивалі салтанатты түрде ашылды.Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 5 желтоқсандағы №594 Жарлығымен өлкетанушы, еңбек ардагері Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов, өнер саңлағы, «Жезқазған маржандары» ардагерлер хорының жетекшісі Жақсылық Шоқтаев «Құрмет» орденімен, сондай-ақ, кәсіпкер Бекзат Алтынбеков, денсаулық сақтау ісінің үздігі, дәрігер Бейсен Көлбаев «Шапағат» медалімен марапатталды.

***2018 жыл***

Жергілікті қаламгерлер Батырбек Мырзабеков, Сара Смағұл, Ғазиз Ештанаевтардың құрастыруымен Алматыдағы «Аспантау» баспасынан «Уық шаншылған Ұлытау» атты жинақ жарыққа шықты.

Жезқазған қаласында халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің XXVII дәстүрлі «Ұлытау үні – 2018» фестивалі өтті. Фестиваль аясында Мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті Азаматы Мөрлібек Мұратбаевты еске алуға арналған «Жылдар мен жолдар» шығармашылық кеші болды.

Сәуір айында Жезқазған қаласында «Нұрлы жер» бағдарламасымен екі көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды. Сәтбаев көшесі, 70 «Б» мекенжайындағы 4 қабатты, 36 пәтерлі үйдің құрылысына 307,6 миллион теңге қарастырылды.

Ұлытау туралы «Ұлытау. Ұлытау ауданы» энциклопедиясы (бас редакторы С.Қожамсейітов) Астана қаласы «Фолиант» баспасынан жарыққа шықты.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы 11 мамырдағы №114 бұйрығымен денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігі басшысы лауазымына Ләззат Нәбиқызы Ранова тағайындалды.

18 мамырда Елордасы Астана қаласының 20 жылдық және Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің 40 жылдық мерейтойына арналған «Көкжиегі кемел музейлер» республикалық музейлер фестивалі өтті.

ҚР Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин «Мамандық майталманы» номинациясында «Алтын қобыз» иегері атанып, Қарағанды облысы әкімінің бас жүлдесі миллион теңгені қанжығалады. Зәуреш Омарова «Жылдың эстрада жанрының вокалисі» атанды.

3-4 маусымда Жезқазған қаласында «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы басқармасының тәжірибесін тарату мақсатында «Ұлы дала мұрагерлері» атты республикалық форумы өтті.

Маусымда «Қазгеология» Ұлттық компаниясы» АҚ-ы мен «Қазақмыс» корпорацияы» ЖШС-і Жезқазған өңіріндегі Дүйсембай кен көзі аумағын барлап, оны одан әрі игеру мақсатында бірлескен кәсіпорын құрды. Кен қоры бар аумақ жобамен 321 шаршы шақырымды құрайды. Жобаға 1,5 млрд. теңге инвестиция салынбақшы.

11 маусымда «Ұлытау Нан» зауыты ашылды.

22 маусымда Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов Жезқазғанға жұмыс сапарымен келіп, қала активіне өз өкімімен Жезқазған қаласының әкімі лауазымына тағайындалған Қайрат Бегімовті таныстырды.

Жезқазған қалалық «Дидар» телерадиохабарларын тарату дирекциясының директоры Базарбай Әлеуханұлы Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын иеленді.

Шілде айында кешенді жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде Жезқазған жылу электр орталығында №8 турбоагрегат іске қосылды.

Шілде айының 12-14 күндері Ұлытау-Жезқазған өңірінде I Халықаралық «Жезкиік» музыка фестивалі дүркіреп өтті.

Аймақтық басылым «Мысты өңір» газетіне 30 жыл толды.

Жезқазған аймағындағы аға басылым «Сарыарқа» газетіне 45 жыл толды. Мерейтойда аға басылым баспаналы болды.

Көрнекті режиссер Жанат Хаджиев атындағы Халықаралық театрлар фестивалі 1-4 қараша аралығында өтті.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Сәтбаев көшесі 70 «а» мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, 36 отбасыға Тәуелсіздік күні қарсаңында пәтер кілті табысталды.

**Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

# «ҰЛЫТАУ және ҰЛТ» ЖУРНАЛЫ – РУХАНИЯТ ШЫРАҚШЫСЫ

**Әдетте жылдың соңында жылжып өткен күндерге есеп беріп, алдымызға жаңа мақсат-міндеттер қоямыз. Бұл жолы біз Қоғамдық пікір қалыптастырып, өткеннің ұлағатын насихаттап, ұлттық болмысымызды нығайту мен рухани құндылықтарымызды сақтап, салт-сананың жаңғыруында алар орны ерек республикалық «Ұлытау және Ұлт» тарихи-танымдық, көркем-әдеби журналының бас редакторы Сара СМАҒҰЛды әңгімеге тартып, болашақты бағамдап, өткенге көз жүгіртуді жөн көрдік.**

> *Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарының, әкелерінің, тылда еңбек көрігін қыздырып, жеңісті жақындатқан әжелерінің, аталарының өмірі туралы мақалалар беруді қалайтын азаматтар болса, Жезқазған қаласы, Гагарин көшесі, 37 А мекенжайында орналасқан «Ұлытау және Ұлт» журналы редакциясына хабарласа алады. Байланыс телефонымыз: 74 – 16 – 31, 8 777-540-80-82*



***– «Ұлытау және Ұлт» журналының алғашқы саны жарыққа шыққан кезде сүйіншілеп, көзі қарақты, көңілі ояу оқырманды хабардар еткен едік. Содан бері біраз уақыт өтті. Ұлытау-Жезқазған аймағындағы үш тілде мақалалар жариялайтын түрлі-түсті алғашқы журналдың бүгінгі тыныс-тіршілігі қалай?***

– Иә, журналдың алғашқы саны оқырмандар қолына тиген шақ – 2016 жылдың күз айы еді ғой. «Қазамыс» корпорациясы ЖШС қолдауымен дүниеге келген басылымның осы уақыт аралығында 13 саны жарыққа шықты. Журналдың материалдары Жезқазғанда дайындалатынын, ал басылым Алматы қаласында басылатынын білесің. Негізгі 13 санмен қатар тапсырыс берушілердің талабын орындап, 11 арнайы сан шығардық. Өткен уақытты оймен шолғанда «Ұлытау және Ұлт» республикаға тарайтын тарихи-танымдық, көркем-әдеби журнал болғандықтан әу бастан басылымның атына заты сай болуы жолында біраз еңбек жасауға ұмтылғанымыз көңілге оралады. Бүгінде авторлармен арадағы байланыс нығайды. Ұлт тағдырын қозғайтын, тарихымызды түгендеуге қатысты тақырыпты қаузауға баса назар аударылып келеді. Мұндай ауқымды тақырыптарды көтеруге елімізге белгілі ғалымдар, тарихшылар, әдебиетшілер, саясаткерлер, мемлекет, қоғам қайраткерлері атсалысуда. Өлке тарихына қатысты дүниелерге де басылым бетінен тұрақты орын беріледі. Журналымызға қызығушылық танытып, жаздырып алып, оқуды қалайтындардың қатары да күн санап көбеюде. Оқырмандарымыздың қатарында республиканың түпкір-түпкірінде тұратын азаматтар бар.

> *Осы уақыт аралығында «Ұлытау және Ұлт» журналының 13 негізгі саны, 11 арнайы саны шықты.*

Орайы келіп тұрғанда айта кетейін аз уақыт аралығында «Ұлытау және Ұлт» журналының аяғынан тұрып кетуіне тілектес болған азаматтар қатары аз емес. Әр қазақ баласы үшін киелі орын болып саналатын Ұлытаудың атын иеленген журналдың руханиятқа қосатын үлесі үлкен болу керек деп жас басылымға ақ жол тілеп, батасын берген академик Төрегелді Шармановқа, халық қаһармандары Тоқтар Әубәкіров, Мұхтар Алтынбаев, КСРО халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Бибігүл Төлегеноваға алғысымыз шексіз екенін айту парыз деп есептейтінімізді жеткізгім келеді. Елдің қамын жеген қазақтың қайраткер азаматтары, айтулы тұлғалар Амангелді Айталы, Әлихан Бәйменов, Төлеген Бүкіров, жезқазғандық руханият жанашырлары, кәсіпкерлерге де айтар рахметіміз үлкен. Осылайша, көптің қолдау-көмегінің арқасында Жезқазғанның тұңғыш журналы «Ұлытау және Ұлт» тоқтаусыз оқырмандар қолына тиіп жатыр.

***– Жаңа тапсырыс бойынша 11 арнайы сан шықты дедіңіз. Ол қандай сандар? Бұл сонда негізгі саннан бөлек қой, сірә?... Оған қаражатты қалай тауып отырсыздар?***

– Арнайы сан негізгі саннан бөлек. Ақылы, тапсырыс бойынша шығады.

***– Арнайы санның әрқайсысына тоқталып кетесіз бе? Демеушілері жайында айта отырсаңыз.***

– Айтайын. Алғашқы арнайы санды Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың 100 жылдық мерейтойына арнадық. «Нұр Отан» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды облыстық филиалы (төрағаның бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов), «Іскер әйелдер» қауымдастығы Жезқазған филиалы тапсырысы бойынша өңірдің іскер әйелдері туралы арнайы сан жарық көрді. «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің (төрағасы Төлеген Бүкіров) тапсырыс беруімен Жезқазған мыс қорыту зауытының, байыту фабрикасының, Сәтбаевтың ардагер кеншілері туралы екі арнайы сан шықты. С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрының, қалалық тарихи-археологиялық музейдің тапсырысымен де арнайы сандар жарық көрді. Балқаш мыс қорыту зауытының тапсырысымен балқаштық еңбек ардагерлері жөнінде арнайы сан шығардық. «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық қорының тапсырысымен аңыз тұлға, абыз тұлға – Кетбұқа туралы арнайы сан жарияланды. Мұнымен қатар жекелеген азаматтардың өтінішін ескеріп, жезқазғандық Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өмірінен сыр шертетін арнайы сан шығарғанымызды айта кетейін. «Бабалар ізі» атты журналдың қосымша арнайы саны тағы бар. Оны да шығардық. Енді таяу күндері Жезқазған қаласының 65 жылдық тарихына арналған арнайы сан оқырман қолына тиеді. Бұл арнайы сан Жезқазған қаласы әкімдігінің тапсырысымен шығып отыр.




> *«Бабалар ізі» жобасының негізгі мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру. Қазір жастарды былай қойғанда біздің тұстастарымыздың арасында да өзінің түп-тамырын білмейтіндер бар. Әкесінің, атасының атын білетін шығар. Әрі қарай бабалары кім болды, қандай үлгі-өнеге қалдырды артына оны біле бермейді. Жеті атаға дейін қыз алыспай, қанын таза сақтап, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жоғалтпай келген қазақ болашақта да замананың көшінен қалмай ілесе отырып, ықылым заманнан бойына сіңген асыл қасиеттерден ажырап қалмаса екен, тектілігін сақтаса екен деген ойдан туған жоба бұл.*

***– «Бабалар ізі» жобасының көтеретін тақырыбы не сонда, мақсаты нені көздейді?***

– Бұл жобаның негізгі мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру. Қазір жастарды былай қойғанда біздің тұстастарымыздың арасында да өзінің түп-тамырын білмейтіндер бар. Әкесінің, атасының атын білетін шығар. Әрі қарай бабалары кім болды, қандай үлгі-өнеге қалдырды артына оны біле бермейді. Жеті атаға дейін қыз алыспай, қанын таза сақтап, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жоғалтпай келген қазақ болашақта да замананың көшінен қалмай ілесе отырып, ықылым заманнан бойына сіңген асыл қасиеттерден ажырап қалмаса екен, тектілігін сақтаса екен деген ойдан туған жоба бұл. Жобаның алғашқы қарлығашы кәсіпкер Марат Бекмағанбетовтің тапсырысымен жарық көрді. Қосымша санда кәсіпкердің өзінің шыққан тегі, еліндегі өнегелі адамдар мен олардың ұрпақтары жөнінде әңгіме қозғалып, шежіресі таратылды. Бұл ұрпақтың өзін-өзі тануына қызмет ететін жоба. Өзін таныған. Өзінің түп-тамырын жақсы білген адам өзгені өзекке теппейді, өзін бағалайды, өзгені құрметтейді деп ойлаймын.

***– Алдағы жоспарларыңыз қандай?***

– Алдағы жыл – Абай жылы, әл-Фараби жылы, Алтын орда жылы. Келе жатқан тышқан жылындағы «Ұлытау және Ұлт» журналы міне, осы үш ауқымды тақырыпты көтеруді жоспарлап отыр. Журнал беттерінде оқырмандарды ойға жетелейтін, тарихымызды тануға бастайтын құнды-құнды зерттеулер мен ғылыми мақалалар жарияланады.Сондай-ақ, биыл Ұлы Жеңіске 75 жыл толады. Жекелеген адамдардың тапсырысы бойынша ақылы түрде өңірдегі соғыс ардагерлері, тылда жанқиярлық еңбек еткен адамдардың өмір жолы туралы әңгімелейтін арнайы сан шығаруды жоспарлаудамыз. Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарының, әкелерінің, тылда еңбек көрігін қыздырып, жеңісті жақындатқан әжелерінің, аталарының өмірі туралы мақалалар беруді қалайтын азаматтар болса, Жезқазған қаласы, Гагарин көшесі 37 А мекенжайында орналасқан «Ұлытау және Ұлт» журналы редакциясына хабарласа алады. Байланыс телефонымыз: 74 – 16 – 31, 8 777-540-80-82

Мұнымен бірге Ұлытау-Жезқазған аймағында өнегелі өмір, еңбек жолымен артына ұлағатты із қалдырған ардагерлер туралы сыр шертетін «Ғибратты ғұмыр» айдарымен берілетін материалдар да өз жалғасын табады. Өлке тарихына қатысты зерттеулер мен шығармалар «Ұлытау және Ұлт» журналында тұрақы орын алады.

***– Уақыт тауып, журналдың бүгіні мен ертеңі жөнінде әңгіме өрбіткеніңізге алғыс білдіреміз. «Ұлытау және Ұлт» журналығының ғұмыры ұзақ болсын.***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

---

МЕРЕЙ

# ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

## *қырық жылдығын атап өтті*



Күн санап жаңа технологиялар жарық көріп, ақпараттық өркендеу қарқынды түрде белең алған заманымызда жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек етуін талап етіледі. Осы орайда тек қаламыз бойынша ғана емес, республика көлемінде алдыңғы қатарлы білім ошақтарының бүгінгі бет–бейнесін жаңа қырынан көрсетіп келе жатқан академик Қаныш Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейі 1979 жылдың желтоқсанында іргесі қаланып, қырық жыл ішінде білім беру жүйесінде өзіндік орнын айқындап келеді. Қазыналы білім ордасына айналған № 7 мектеп-лицейдің әрбір шәкірті білім көкжиегіне сеніммен ұмтылып, ел мақтанышына айналуды мақсат етсе, инемен құдық қазғандай білім тұңғиығының нәрін алған мектеп ұжымы оқытудың жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы дарынды оқушыларды дер кезінде анықтап, шәкірттерді ғылым мен шығармашылыққа баулып келеді. Осы мақсаттағы басты міндет – білім беру бағдарламасын жүзеге асыру және ұлттық, азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны кәсіби қалыптастыру, дамытуға бағыт болған білім алуға қажетті шарттар жасау, оқушыларға үш тілді меңгерту, мектепті компьютерлендіру сынды маңызды мәселелерді өзек еткен мысты шаһар төріндегі қасиетті қара шаңырақтың 40 жылдық мерейтойын барша қала жұртшылығы зор қуанышпен қарсы алды.

Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен «Көшбасшы, білімді озық жалғастырған, 40 жыл мектеп-лицей ордасына...» атты мерекелік кеш «Сарыарқа» күйінің әуенімен басталып, бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары Төре, Бексұлтан, Саламаттың орындауындағы әсерлі қойылыммен жалғасты. Одан әрі қызыл галстук тағып, мектеп ауласында алаңсыз ойнап жүрген жастарға Нәписа Шенеуова мен мектептің алғашқы директоры Тамара Байзақованың мектеп жайын сөз еткен диалогы арқау болды.

– Қаныш Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейі – өзіндік ерекшелігі бар өзгеше оқу ордасы. Білім шаңырағының Қанекеңнің атымен аталуы көңілімізге мақтаныш сезімін ұялатады. Мектеп ішінде орналасқан Қаныш Сәтбаев атындағы музейге келген академиктің қыздарының оқушыларымызға айтқан ұлағатты сөздері әлі күнге дейін жадымызда сақтаулы. Олар өз әкелері туралы естеліктерімен бөліскен сәтте барша шәкірттер мен мектеп ұстаздары тарихпен тілдесіп, алып жүректі арда тұлғаның өмір жолына тәнті болып, оны үлгі ететін. Мектеп лицей статусын алғаннан кейін ұжымның алға қойған мақсат-міндеттері арта түсті, білімпаз да ізденімпаз ұстаздар саны көбейді. Шәкірттер бойындағы білім мен ғылымға деген ұмтылыстар артып, күн сайын биіктерді бағындырып, жетістіктерімен қуанышқа кенелтті, – деді кеш басында алғашқы болып сөз алған бұрынғы мектеп басшысы Нұрия Жұмажанова.

– Жезқазған қаласы қашаннан да мықты оқу орындарымен, тәжірибелі ұстаздарымен және білімді шәкірттерімен танымал. Осындай іргелі оқу орындарының көшінде Қаныш Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейі де бар. Бүгін барша қала жұртшылығының назары сіздерде. Осынау үлкен мерекемен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге толағай табыстар тілеймін, – деп құттықтау лебізін білдірген қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қала басшылығы атынан № 7 мектеп-лицей ұжымына 4 млн 490 мың теңгелік сертификатты табыс етті.




Мереке барысында мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері де ескерусіз қалмады. «Жезқазған қаласына 65 жыл» төсбелгісімен қырық жыл шәкірт тәрбиелеген ұстаз Жанат Оспанова, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен Бақыт Махатова, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Нұрия Жұмажанова, Әсел Игешова, Несіпбала Кәрібозова, Ақнұр Қорабаева, Гулизат Құсайынова, Ақбөпе Молдабай, Қалампыр Омарова, Әдемі Тілеубаева марапатталды.

Одан әрі қаламыздағы салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының бас маманы Раушан Қожабаева сөз алып, «Еңбек ардагері» медалін Рысты Ибраева, Айтгүл Әбішова, Бексара Бекмағанбетоваға, Қазақстан Республикасы салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасын Нұрия Жұмажановаға, Күлпәш Мұқашеваға, Жаңылған Ақбаеваға, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасын Дариға Мырзахметова және Ардақ Әбдіғұловаға табыстады.

Барша мектеп ұжымын төл мерекесімен құттықтап, шәкірттеріне толағай табыс тілеген қаланың бас педагогі, қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен Жұпаркүл Әбеуова, Нұрғамал Ақдәулетова, Алтынай Бимурзина, Аманкелді Бейсенов, Гүлбибіт Бексенова,Гүлмира Бектасова, Қарлығаш Жолдыбаева, Жадыра Жұмажанова, Асхат Игенов, Айгүл Қалымбетова, Ақбота Лазерова, Сәуле Досанова, Сания Мырзасабированы марапаттады.

Шара соңында мектеп оқушылары және мұғалімдері ән мен биден шашу шашып, театрландырылған көріністер қойды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

---

# КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

## *Ұлытауды ұлықтауды мақсат тұтты*

**Барша қазақ қадір тұтатын ұлт ұясына айналған қарт Ұлытауды ұлықтау ортақ парыз екенін жіті түсінген Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві «Ұлытау ұлағаты – ұлт тарихы» атты дөңгелек үстел ұйымдастыруды жөн көрді. Кездесу Ұлытау ауданының 80 жылдығына орайластырылды.**

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивіндегі Ұлытау өңірі тарихына байланысты қор құжаттарын, сондай-ақ, «Ұлытау тарихы қазақ шежіресінде» топтамасын толықтыру, ел ішіндегі көнекөз қариялармен сұхбаттасу мен алдағы атқарылатын жұмыстар жайында ақылдасуды мақсат тұтқан шара өз деңгейінде өтті. Дөңгелек үстел басында «Құрмет» орденінің иегері Сағындық Қожамсейітов, еңбек ардагері Рақыш Нәшкенқызы, журналист Шамхан Рахметов, өлкетанушы Тоңболат Мұқанов, Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Бағдат Байжантаев, М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің директоры Зейпін Қазанбаева мен Жезқазған тарихи археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова, тарихшы Ғабдол Әуезов, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының қызметкері Айдар Исқаков, Қ.И.Сәтбаев атындағы тарихи өндірістік мұражайының қызметкері Арманай Әбенова, сондай-ақ, Шиелі ауданындағы Нартай Бекежанов атындағы өнер музейінің қор сақтаушысы Нұрдәулет Нақыпов кездесті.

Кездесуді өзінің кіріспе сөзімен ашқан қалалық мемлекеттік архивтің басшысы Дәметкен Орынбасарова Ұлытау жерінің қадір-қасиетін тілге тиек етіп, ұлт тарихында алар орнын айқындап берді. Әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы Жаңагүл Оспанова архивтегі Ұлытау тарихына байланысты жеке тектік қор құжаттары жайында мәліметтер беріп өткен соң, дөңгелек үстел қатысушылары өлке тарихына байланысты келелі ойларын ортаға салып, кезек күттірмей қолға алынуы тиіс шаралар бойынша нақты ұсыныстар білдірді. Архив қорынан алынған «Абыз тұлға – аңыз тұлға» атты кіші Жібек жолы экспедициясын 1991 жылы Ұлытау жерінде қарсы алуы сәті, сонымен қоса дүниежүзі қазақтарының бірінші Құрылтайына қатысушыларды 1992 жылы Ұлытау жерінде қарсы алған құнды бейнесюжеттерді тамашалауға мүмкіндік жасалды.



Тағылымды кездесу соңында архив басшысы Дәметкен Қаражанқызы қадірлі қонақтарға алғысын білдіре отырып, ел тарихы үшін жасап жатқан әр істеріне табыс тіледі. №612 жеке тектік қор иесі Рақыш Нәшкенқызы 2018 жылы шығарған «Ұлытау қызының жазбалары» атты кітабын өзінің жеке қорын толықтыру мақсатында табыс етті.

**Өз тілшіміз**

*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## ДІН және ҚОҒАМ




Барлық мақтау Алла тағалаға тән және пайғамбарымыз Мұхаммедке (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын), оның отбасына, сахабаларына Алла тағаланың рахметі болсын!

Жиһад – араб тіліндегі «жуһд» түбірінен шыққан «белгілі бір мақсатқа жету үшін жігер күшін салу, күресу» деген мағынаны білдіретін сөз. Ал, шариғаттағы мағынасы: ақиқат үшін күресу, хақ дінге шақыру (яғни Алла дінін қорғау). Немесе Алла дінінің туын жоғары көтеру және дінді, жанды, отанды, мал-мүлікті, т.б. қорғау үшін малымен, жанымен күресу. Исламда «Алла жолында жиһад ету» ұғымы кең көлемде қолданылады. Құранда жиһадқа байланысты аяттар бірнеше жерде келгенімен оның барлығы қолға қару алып соғысқа аттану деген мағына емес. Тек төрт жерде ғана тікелей соғыс мағынасында келген. Оның өзі бүкіл кәпірлерді қырып жойыңдар немесе бейбіт халыққа бас салып мал-мүлкін талан-таражға салу, абыройын аяқ-асты ету, жерлерін отарлап еріктерінен айыру, т.б. осы сияқты зұлымдық мақсатында соғысыңдар деген ұғымды білдірмейді. Бәлкім, жиһад дұшпанның қастығын тоқтату, әлсіздерге қорған болу және Алланың дінін қорғау мақсатында шариғатталған. Сондықтан ғалымдар жиһадты парыз етіп келген аяттың аясынан өзге дін өкілі болса да қару көтермеген мына топтағы адамдарды өлтіруге тыйым салған:

1. Зимми (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері). Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын): «Кімде-кім бір зиммиға қиыншылық көрсететін болса, мен ол адамның дұшпанымын. Ал, мен кімнің дұшпаны болсам, онымен ақырет күні жеке есептесемін», – деп айтқан.

2. Муаһид (соғыспауға келісім шарт түзілген одақтастар). Әбу Дәуіт риуаятында: «Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) Һудайбия жерінде Құраиштармен он жылға келісімге отырған», – деп келген. Қазіргі таңда елімізбен бейбітшілік келісімге қол қойған көрші елдердің (Ресей, Қытай) жағдайы осы секілді.

3. Мустаман (біреудің жеріне мұсылман не өзге дін өкілі болсын амандық мақсатында кіргендер). Ол жайлы Алла тағала былай дейді:

وَإِنْ أَحَدٌ مِنَ الْمُشْرِكِينَ اسْتَجَارَكَ فَأَجِرْهُ حَتَّىٰ يَسْمَعَ كَلَامَ اللَّهِ ثُمَّ أَبْلِغْهُ مَأْمَنَهُ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ قَوْمٌ لَا يَعْلَمُونَ

«(Мұхаммед (с.ғ.с.)) егер мүшріктердің біреуі сенен баспана тілесе, қашан ол Алла сөзін тыңдағанша баспана бер. Сонан соң (иман үйірмесе) оны тыныш бір жерге жеткізіп сал. Олар ештеңені білмейтіндер, мұны сол үшін істе» («Тәубе» сүресі, 6-аят). Біздің заманымыздағы елімізге шетелден келген саяхатшылардың үкімі осындай.

4. Қолға қару алып қарсы шықпағандарды. Бұл жайлы хадисте былай баяндалады: Пайғамбарымыз соғысқа кетіп бара жатқан қолбасшыларына мынандай ескертулер жасады: «...Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, ғибадатханалардағы адамдарды өлтірмеңдер» (Ахмад, Әбу Дәуіт риуаяты).

5. Өз бетімен жүрген бейкүнә адамдарды. Исламда жиһад екі түрлі болады: – Рухани жиһад – Мадди (материялдық) жиһад. Рухани жиһад дегеніміз – мұсылманның өз нәпсісімен күресуі. Жиһадтың бұл түрін Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) үлкен жиһад деп баға берген. Оның негізгі мақсаты – шайтанның азғыруына және нәпсінің етегіне ермей, күнә істерге жол бермеу. Бұл жиһад жайлы хадисте былай баяндалады. Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) бірде соғыстан шаршап, шалдығып келе жатқан сахабаларына: «Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық», – деген кезде, сахабалары: «Уа, Расулуллаһ, «үлкен жиһад» деген не?» – деп, таңғала сауал қойды. Пайғамбарымыз: «Ол – өз нәпсіңмен күрес», – деп жауап қайырды (Байхақи риуаяты). Ал, мадди жиһад дегеніміз – мұсылманның әлсізге қорған және дұшпанның зұлымдығын тоқтату мақсатында жан-тәнімен, мал-дүниесімен Алланың дінін, Отанын, отбасын дұшпандардан қорғап қарсы соғысу. Бұл жиһадтың үкімі парыз. Оны жұмһұр ғалымдары (Ханафи, Мәлики, Шафиғи, Ханбали т.б.) екі түрге бөліп қарастырады:

1. Парыз айн. Егер дұшпан Отанға бас салып, қаптап кіріп жатса және мемлекет басшысы азаматтарын Отанды қорғауға шақырса, бұл жағдайда әрбір адамға дінін, Отанын, жанын, еркіндігін қорғауы тиіс. Ол жайында Алла тағала Құран Кәрімде:

انْفِرُوا خِفَافًا وَثِقَالًا وَجَاهِدُوا بِأَمْوَالِكُمْ وَأَنْفُسِكُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ذَٰلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ

«(Әй, мүміндер!) Жеңіл жағдайда да, ауыр жағдайда да, мал-жандарыңды аямай, Алла жолында күресіңдер. (Жас бол, кәрі бол, жаяу немесе көлікті бол, жағдайларың қолайлы, қолайсыз болсын, ерікті-еріксіз болыңдар, бәрібір күресіңдер) Осыларың сендер үшін хайырлы, егер білген болсаңдар» («Тәубе» сүресі, 41-аят) деп баяндайды.

2. Парыз кифая. Мағынасы кейбірі оны орындаса басқасының мойнынан түседі. Егер олар да оны орындамаса барлығы күнәһәр болады. Яғни дұшпанға қарсы мемлекет басшысы әскерін әзірлеген болса ғана парыз болады. Оған дәлел ретінде Алла тағала Құранда былай баяндайды:

وَمَا كَانَ الْمُؤْمِنُونَ لِيَنْفِرُوا كَافَّةً فَلَوْلَا نَفَرَ مِنْ كُلِّ فِرْقَةٍ مِنْهُمْ طَائِفَةٌ لِيَتَفَقَّهُوا فِي الدِّينِ وَلِيُنْذِرُوا قَوْمَهُمْ إِذَا رَجَعُوا إِلَيْهِمْ لَعَلَّهُمْ يَحْذَرُونَ

«Онымен қатар мүміндердің біртұтас жауға аттанулары тиісті емес. Сонда әр топтан дін ғылымын үйреніп, олар қайтып келгенде; олардың сақсынулары үшін ескертулері керек емес пе?» («Тәубе» сүресі, 122-аят). Бұл аяттан кез келген уақытта жиһаттың парыз айн емес екенін түсінеміз. Әйтпесе бір топты жиһадқа аттандырып, қалғанын дінді үйренуге қалдырмас еді. Сол сияқты Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) қай соғысқа бармасын кейбір адамдарды өзімен бірге алмай тастап кеткен. Тіпті әскерлерді қолбасшыға тапсырып өзі және басқа сахабалар соғысқа аттанбаған жерлері де бар. Нұғман бин Мақран былай дейді: Егер Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) әскерге қолбасшы тағайындап жорыққа аттандырса, қолбасшыға арнайы Алладан қорқуға онымен бірге болған мұсылмандарға жақсылық етуін өсиет етіп, былай дейтін; «Алланың атымен және Алла жолында жорыққа шығыңдар, Аллаға қарсы келгендермен күресіңдер де, шектен шықпаңдар, (жаудың) мәйітін қорламаңдар, балаларды өлтірмеңдер. Егер мүшрік болған дұшпаныңа жолықсаң, оларды мына үш қасиеттің біріне шақыр. Оның қайсысын мақұл көрсе, оны қабыл айлап соғыстан тыйылыңдар; Оларды Исламға шақыр, кейін өз ауласынан мүһажірлердің ауласына ауыссын, егер соны қабылдап жатса оларға мүһажірлердің пайдасына не нәрсе шешілсе оларға да сол, не нәрсе зиянына шешілетін болса оларға да сол заң екенін айт...» (Термизи риуаят еткен).

Жиһадтың дұрыс болу шарттары:

1. Имамның (мемлекет басшының) болу әрі рұқсаты тиіс. Шариғатымызда имамның (мемлекет басшысының) рұқсатынсыз соғысқа шығуға тыйым салынған. Жиһад (соғыс) істері имамға (мемлекет басшысына) жүктелгеніне ешқандай күмән жоқ. Оған бой ұсыну міндет, тек күнә істерге бұйырмаса болды. Құранда Алла тағала басшыға бой ұсыну жайлы былай дейді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ

«Әй, мүміндер. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар» («Ниса» 59-аят). Ибн Аббас бұл аят Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) Абдулла бин Хузафаны жорыққа аттандырып жатқан кезде түсті деген түсіндірме берген. Басшы жақсы бола ма, жаман бола ма бой ұсыну тиіс.

عن أبي هريرة رضي الله عنه ، قال قال رسول الله صلى الله عليه وسلم : «الجهاد واجب عليكم مع كل أمير ، برا كان أو فاجرا»

Әбу Һурайрадан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) былай дейді: «Жиһад әрбір жақсы болсын немесе жаман болсын басшымен бірге болу тиіс» (Әбу Дәуіт риуаяты).

2. Мақсаты айқын болу. Яғни дұшпанның қастығын тоқтату, әлсіздерге қорған болу және Алланың дінін қорғау мақсатында болуы тиіс. Әйтпесе шектен шығушылардан болады.

3. Дұшпаннан төніп тұрған қауіп нақты болу. Егер бұл шарттар орындалмаса онда оның іс-әрекеті шариғаттағы жиһад атауына кірмей, бәлкім ол адам бұзақы немесе қиянатшыл болады. Алла тағала былай дейді:

إِنَّمَا جَزَاءُ الَّذِينَ يُحَارِبُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَسْعَوْنَ فِي الْأَرْضِ فَسَادًا أَنْ يُقَتَّلُوا أَوْ يُصَلَّبُوا أَوْ تُقَطَّعَ أَيْدِيهِمْ وَأَرْجُلُهُمْ مِنْ خِلَافٍ أَوْ يُنْفَوْا مِنَ الْأَرْضِ ذَٰلِكَ لَهُمْ خِزْيٌ فِي الدُّنْيَا وَلَهُمْ فِي الْآخِرَةِ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Алламен және оның пайғамбарымен алысқандардың, жер бетінде бұзақылық жасағандардың жазасы – оларды өлтіру немесе дарға асу, әйтпесе, оң қолы мен сол аяғын кесу, сүргінге айдау болмақ. Бұл оларды дүниеде, масқара ететін жаза болса, Қияметте одан да зор азапқа душар етеді» («Мәйде» сүресі, 33-аят). Қазіргі таңда өзге мұсылман елдері арасында болып жатқан қақтығысқа теріс пиғылды радикалды ағымдар исламдағы жиһад сөзін пайдаланып, қол астындағыларын сол жерге соғысқа аттандыруда. Негізі бір елдің ішкі шаруасына араласуға ешкімнің құқы жоқ. Олардың өздерінің пәтуа беретін ресми діни басқармасы және муфтилері бар. Мұсылмандардың арасында болып жатқан қақтығысқа от салмай татуластыру тиіс. Өйткені мұсылмандар бір-біріне зиян бермеу керек. Ол жайлы Пайғамбарымыздың (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) көптеген хадистері бар. Соның бірі: «Мұсылманды сөгу – пасықтық, ал оны өлтіру – күпірлік» деген (Муслим риуаяты). Және де: «Мұсылман мұсылман бауырына қару көтерсе, онда ол екеуі де тозақ отында» деген. Сонда жанындағылары: «О, Алланың Елшісі! Өлгеннің кінәсі неде?» – дегенде, ол (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын): «Ол оны да өлтіргісі келген еді», – деді (Бұхари, Муслим риуаяты). Осыған орай жиһад елді басқарып отырған басшының рұқсаты және дін істерін басқарып отырған діни басшылар мен ғалымдардың пәтуаларымен іске асады.

Үкім: Сондықтан Қазақстан азаматтары Елбасының және діни басқарманың, сонымен қоса ата-ананың рұқсатынсыз сыртқа, басқа жерге жиһадқа аттануға болмайды. Әркім өз еліне, өз жеріне, өз халқына еңбек ету керек. Біреудің алдауына түсіп, алжасып, басқа бір елдің қанын төгіп, күнәһар болған адам оңбайды. Адам баласы бақытты олай іздемейді. Бақытты Отанына, халқына, жанындағыларға жақсылық істеу арқылы ғана табады.

**Абылай СЕЙДАХМЕТОВ,**
**Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешітінің наиб имамы**

# СИРИЯ АСҚАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ «КҮЙЕУІМЕ БАҒЫНДЫМ» ДЕУІ ШАРИҒАТҚА САЙ КЕЛМЕЙДІ

**Бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда қыз-келіншектердің дінге бет бұра отырып, азаматтық қоғамнан алшақтауы, оқшаулануға бейімделуі ұрпақ тәрбиесімен қатар, ұлт болашағына үлкен қауіп екені даусыз. Осы орайда еліміздегі діндар әйелдердің басын қосып, дінге қызығушылық танытқан қыз-келіншектерге жол көрсетіп, жөн сілтеп жүрген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Әйелдер-қыздар» секторының орны бөлек. Қазіргі кездегі діндар әйелдердің қоғамдағы орны қандай және өзге де мәселелер жөнінде Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, ҚМДБ «Әйелдер-қыздар» секторының меңгерушісі Ақбөпе Тілегенова kazislam.kz порталына сұхбат берген болатын.**

***– Ақбөпе Қанатқызы, еліміздегі әйел жамағатымен ұдайы байланыста екеніңізді жақсы білеміз. Бірінші сауалымыз – еліміздегі діндар әйелдердің қазіргі қоғамдағы орны қандай?***

– Әйел адамның әрқашанда отбасында, бала тәрбиесінде өзіндік орны бар. Әсіресе, атадан балаға мұра болып қалатын салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымыздың сақталуына осы күнге дейін үлес қосып келеді. Қазіргі кезде әйел адамның бұл рөлі артпаса, кеміген жоқ.

Әйелдердің жаһандану заманында елдік тұрақтылығымыз бен діни құндылықтарымыздың жандануына қосқан үлесі зор. Әсіресе, бүгінгі таңдағы ұрпақ тәрбиесі мәселесінің оңды шешімін табуда да осы әйел кісілердің орны ерекше. Халық аузындағы «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген ұстаным сөзімізді қуаттай түседі. «Діндар әйелдер» деп бөліп-жармай-ақ қояйық. Олардың да арасында қоғамда еркін өмір сүріп, отбасына да қарап, жұмысына үлгеріп жатқандары, былай айтқанда оқшауланбай жүрген әйелдер де көп.

***– Осы оқшаулану дегеннен шығады. Әсіресе, тұрмыстағы әйелдер «күйеуіме бағынуға міндеттімін» деп өздерін қоғамнан тым алшақ ұстайтын секілді. Әйел адамдар еріне бағынуда нені ескеруі тиіс?***

– Бұл сұрағыңыз өте өзекті әрі маңызды. Ең алдымен, мұсылман әйел Алла Тағаланың бұйрығына қарсы келмейтін барлық жағдайда күйеуін тыңдауы керек. Умму Саламадан (р.а.) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Қайсыбір әйел жан тапсырып, тірі кезінде күйеуі оған разы болған болса, ол әйел жәннатқа кіреді», – делінген.

Ал қандай әйелге күйеуі разы болуы мүмкін? Әрине, тірісінде қадірлеген, көңілін тапқан, ерім деп сыйлап, оған шариғат шеңберінде қарсы келмеген әйелге күйеуінің разы болары даусыз. Ислам дінінде отбасылық өмірдегі жұбайлардың шариғат белгілеп берген ақылары нәпіл ғибадаттардан жоғары тұрады. Осыған сай мұсылман бауырларымыз амал етулері керек.

Әйелдің күйеуіне бағынуы жөнінде пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «…Мен адамның адамға құрметпен бойұсыну белгісі ретінде сәжде етуді бұйырар болсам, ең алдымен әйелдің өз еріне сәжде етуін бұйыратын едім. Әйелдің ері осыған лайық. Мұхаммедтің билігі қолында болған Алланың атымен ант етемін. Тіпті ері жаныңды бер деп талап ететін болса да, әйел өз еріне қатысты міндетін өтемейінше, Раббысының алдында міндетін өтемеген болады», — деген. Тіпті, әйел адам күйеуін жаман іс-әрекеттерден тыйып, күнәға бой алдыруына себеп болмау, керісінше, игі де сауапты істерді атқаруда күйеуіне көмектесуі қажет. Мұндай жұбайларды пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Мүмін пенде үшін Аллаға иман келтіргеннен кейінгі ең жақсы нәрсе – салиқалы әйелінің Алла тағаланың әмірін орындауда жәрдемдескенін көргенде қуануы», – деп мақтайды.

***– Сонда Сирия асқан көптеген әйелдердің «күйеуіме еріп бардым» деуі тегін емес екен ғой?***

– Негізінен, әйел адам еріне Алла Тағалаға қарсы келмейінше мойынсұнуы керек. Ал, Аллаға қарсы келу деген – шариғатымыз бекіткен амалдарға, Құран аяттары мен хадистерге, Мемлекет басшысы мен дін басшысының шешіміне қарсы шығу.

Құран Кәрімнің Ниса сүресінің 59-аятында бұл тұрғыда: «Ей, мүминдер! Сендер Аллаға бойұсыныңдар, пайғамбарға бойұсыныңдар әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне де. Егер бір нәрсе үстінде талас-тартыста қалсаңдар, Аллаға және пайғамбарға жүгініңдер. Егер сендер Аллаға, ақырет күніне сенетін болсаңдар, осылай істеу әрі қайырлы әрі жақсы нәтижелі болмақ», – делінген.

Бұл – қоғамдағы әрбір мұсылман адам есінде сақтап, ғұмыр белесінде басшылыққа алуға тиісті өте маңызды ереже. Табиғиндерден Хасан әл-Басри ел билеушілері жайында: «Олар (басшылар) біздің бес түрлі бағытта басшымыз және қорғанымыз: жұма намазына, жамағатымызға (яғни қоғамымызға), мереке-айтымызға, мемлекет шекарасының қауіпсіздігіне және қоғам ішіндегі тәртіпке. Алламен ант етемін, дін аман тұруы үшін басшы қажет. Тіпті, өктемдік етсе де. Алламен ант етемін, олардың өктемдіктерінен ел игілігіне тигізер пайдасы өте көп. Сондай-ақ, басшыға бойұсыну – құптарлық іс. Ал, басшыны тыңдамау – Алланың берген нығметін қадірлемеу болып табылады», – деген.

Сондықтан да күйеуіме қарсы келмеуім керек деп Сирия асқан әйелдердің сенімі мен іс-әрекеті мүлдем дұрыс емес. Өйткені, бір мемлекет пен екінші бір мемлекет келісім жасасқаннан кейін ол елмен жекелеген азаматтар өз басымен барып, ұрсысуға, қарсы соғысуына болмайды. Бір елдің азаматтары екінші бір елмен соғысуы үшін Мемлекет басшысының бұйрығы және дін басшысының шариғи пәтуасы, яғни, шешімі керек. Ал, енді мұндай жағдайда әрине, ер азаматтардың өзінің ойымен ғана шешімге келіп, өзімен бірге әйелін де соғысқа итермелеуі – надандық әрі күнәһарлық әрекет. Оған ерген әйелдің де іс-әрекеті шариғат шеңберіне сай келмейді.

***– Түсінікті. Ақбөпе ханым, РАТТ мүшесі ретінде өңірлерді аралап жүрсіз. Әйел жамағаты, жалпы бүгінгі әйелдер қауымымен жүздескенде не байқадыңыз? Шешілмей жатқан қандай түйіндер бар деп есептейсіз?***

– Өткен айдың соңғы аптасында Алматы өңірінде Дін істері комитетінің бастамасымен бірақатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Осы кездесулер барысында дінге қызығушылық білдіріп жүрген қыз-келіншектермен жолығып, сұхбаттасып қайттық. Менен басқа да дінтанушылар, психолог мамандар қатысты. Олар еліміздің зайырлылық ұстанымдары мен діни, психологиялық мәселелер жөнінде сөз қозғады. Аталмыш іс-шаралардың мақсаты – халық арасында дін туралы дұрыс пікір қалыптастыру, дәстүрлі құндылықтарымызды дамыту, әйелдердің отбасын сақтаудағы және ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін талқылау.

Әрине, қоғам болған соң кемшілік те, олқылық та кетіп жататын сөзсіз. Оны біз тағдыры тәлкекке түскен отандастарымыздың өмірінен көре аламыз. Ақпараттық ашық қоғамда елді адастырушы топтардың мүмкіндігі бұрынғыдан әлдеқайда көп екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Осы тұста интернет желілері мен күмәнді кісілерден діни білім алудың зардабын кездесулер барысында анық ұқтым.

Сонымен қатар елімізде кейбір теріс діни ағым өкілдерінің зайырлылық ұстаным мен дәстүрлі құндылықтарымызды дінге қарсы деп түсіну мәселесін алсақ болады. Өкінішке қарай, мұндай пікірдегі азаматтар әлі қажырлы жұмысты талап етеді. Сондықтан болашақта көптеген шаралар ұйымдастырылуы керек деп білемін.

***– Соңғы сұрақ болсын, Сириядан оралған әйелдерді қоғамға бейімдеуде ел тұрғындары не істеуі керек деп ойлайсыз?***

– ҚМДБ-ның «Әйелдер-қыздар» секторы және оған қарасты әйел ұстаздар «Жусан» операциясымен елге оралған әйелдермен жұмыс істеп келеді. Мен өзім бірнеше облыстардағы оңалту орталықтарына арнайы барып жұмыс істедім, байланыс орнаттым. Бұдан бөлек, Сириядан олардан бұрын өз еркімен елге оралған әйелдермен де жүйелі түрде жұмыс атқарып келеміз, ұдайы байланыстамыз.

Сириядан оралған қыз-келіншектермен діни және психологиялық әдістерді пайдалана отырып, олардың барудағы мақсаттарын, мұндай қадамға не итермеледі, ондағы жағдайлары, ендігі ойлары, діни-таным түсініктері неге бағытталғаны, келешекте қандай мақсаттары бар екендігін анықтап, бағыт-бағдар береміз. Оларды қазіргі қоғамға бейімдеу, еліміз ұстанған діни дәстүрлі бағытқа қайтару, салауатты өмір салтын ұстануға, зайырлы қоғам қағидаттарына бойсұну бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Олардың түрлі әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне, қоғамға бейімделуіне, жұмысқа орналасуына, балаларының ортаға сыйсуына, өздерін жалғыз сезінбеулеріне, қателіктерін түсініп, тәубеге келіп, жаңаша өмір бастауына көмектесіп келеміз әрі келешекте басқа да қыз-келіншектердің осындай күйге түспеуі үшін жан-жақты, түрлі әдіс-тәсілдермен жұмыстар жасалып жатыр.

Әрине, үкіметтік ұйымдар және діни басқармадан өзге қоғамдық мекемелер, еліміздің тұрғындары да қарап отырмай, осы кісілерді қоғамға, салауатты өмірге бейімдеу жолында көмектесулері керек. Мысалы, кәсіпкерлер жұмыс тауып беру, жекеменшік болса балаларды бала-бақшаға орналастыру, медициналық көмек көрсету, арнайы білім жетілдіру курстарынан өтуге, балаларға репетитор жалдап оқуларына, мектеп бағдарламасына үлгеруге, түрлі қоғамдық орталарда бейімделуілеріне көмектесе алады. Сөз соңында халқымыз: «Көп түкірсе көл», дейді. Және де: Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапса егер» деген. Сол үшін қайта айналып, елін тауып жатқан қандасқа – елі қол үшін созуы керек дегім келеді.

***– Сұхбатыңызға рахмет!***

**Kazislam.kz**

## ЗАҢНАМА

# ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ және КЕЛІСІМ КОМИССИЯСЫ

**Еңбек заңнамасы Мемлекетіміздің Конституциясына және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерге негізделеді.**

Конституцияның 24-бабында: «Әркімнің еңбек бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар» делінген.

Әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алуға, сондай-ақ, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Яғни, әрбір азамат Конституцияда көзделген құқықтарды жалдамалы еңбек, жеке еңбек қызметі, мемлекеттік қызмет сияқты әртүрлі нысандарда іске асыра алады, ал қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы азаматтың еркін ерік білдіруінен тұрады.

Еңбек дауы – бұл қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек туралы заңнаманы қолдану мәселелері бойынша, қызметкер мен жұмыс берушінің арасында реттелмеген келіспеушіліктер.

Қазақстан Республикасының Жаңа еңбек кодексінің қабылдануына байланысты еңбек дауларын шешу тәртібі айтарлықтай өзгерді, өйткені келісу комиссиясының келіспеушіліктерді карауы міндетті кезеңі болды.

Келісім комиссиясы тұрақты жұмыс істейтін, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын ұйым болып табылады. Келісім комиссиясы тепе-тең негізде жұмыс беруші мен қызметкерлердің тең санынан құрылады.

Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек даулары келісім комиссияларымен қаралады, ал реттелмеген мәселелер немесе келісім комиссиясының шешімін орындамаған жағдайда – сотпен қаралады, заңды тұлғаның атқарушы органының басшысын, шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда.

Бірнеше маңызды сәттерді атап өту керек.

Алдыңғы Еңбек кодексінен айырмашылығы, жеке еңбек дауларын келісім комисссиясымен қарау міндетті болып табылады, тек реттелмеген мәселелер немесе келісім комиссиясының шешімдерін орындамаған жағдайда ғана дау сот тәртібімен қаралуы мүмкін.

Бұл талап Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 8-бабының 6- тармағына сәйкес келеді, егер заңда немесе шартта белгілі бір санаттағы істер үшін дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін болуы мүмкін.

Келісу комиссиясы заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларымен және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлерімен дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларының барлық түрлерін қарайды.

Сондықтан орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктер міндетті түрде келісім комиссиясын құруы тиіс.

**Жанар АҒЕДІЛОВА,**
**Жезқазған қалалық сотының судьясы**

# АШЫҚТЫҚ – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ

**Жезқазған қалалық сотының ғимаратында сот судьясы Жанар Ағеділова бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті.**




– Еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде қалыптасқан конституциялық-құқықтық даму негізі барлық талаптарға сай қызмет істеп келе жатқан сот жүйесінің қоғамды басқарудағы маңызды мемлекеттік міндеттерді атқарып отырғандығын көрсетіп берді. Қоғамның дамуына орай сот жүйесін реформалау барысы да үндесіп жататындығына байланысты сот органдарының өкілеттілігі мен ауқымының шегі, өзге де мемлекеттік билік бұтақтарымен байланыс тетігі өзгеріп, сот актілерінің заңдылық күші мен құқықтық мәні анықталады. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңда сот билігі тәуелсіздігінің негізі қаланған. Оның маңызды қос элементі болып табылатын сот құрылымы мен сот өндірісі ішкі ұйымдық қызмет тұрғысынан тұтастық және үндестікті қамтамасыз етіп, келушілерге сот төрелігін ұғынықты және қолжетімді қыла түседі. Бұған мысал ретінде алдағы жылдан бастап кіріскелі отырған үш буынды сот жүйесін айтуымызға болады. Бірінші сатыда нақты мәселе бойынша барлық істерді алғашқы инстанцияда қарайтын аудандық және оған теңестірілген соттар тұрады. Екінші сатыда істерді сала бойынша екінші инстанцияда қарайтын облыстық және оған теңестірілген соттар мен алқалар, үшінші сатыда заңды күшіне енген сот актілері бойынша қылмыстық, азаматтық және басқа да істерді қадағалау тәртібімен қарайтын Жоғарғы Соттың алқалары тұрады. Болашақта қадағалау өндірісінен бас тарту қарастырылуда. Сонда Жоғарғы Сот істерді тек кассациялық тәртіпте ғана қарайтын болады.

Соттарды мамандандыру сот жүйесін реформалаудың ең дұрыс бағыты деп білемін. Өйткені, әр судья қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек, отбасы және тағы да басқа салалар бойынша бөлек машықтанбаса, барлық іс дәрежесі бойынша білікті шешім шығару мүмкін емес. Сондықтан алғашқы инстанция бойынша судьяларды мамандандыру ісі жалғасын таба бермек. Болашақта салық соттары да қатарға қосылады. Ал қазір әр судьяны белгілі бір іс дәрежесі бойынша тереңдетіп оқыту міндеті тұр. Әрине, бұл судья тек бір іс дәрежесі бойынша ғана сот төрелігін жүзеге асырады деген сөз емес. Мәселе, оның біліктілігін жан-жақты арттыру, қарайтын ісі туралы дүниежүзілік тәжірибеге сай білімі болуын жүзеге асыру. Сот жүйесін дамытудың стратегиясы мен тактикасы туралы айтқанда, ең алдымен, Елбасының сот жүйесінің ашықтығы мен сот кадрларының тазалығын және әділ сотты қамтамасыз ету туралы алға қойған міндетін жүзеге асыру қажет. Қазіргі таңда республика бойынша жалпы хабар тарататын теледидарлар мен сайттар еліміздің сот жүйесімен келіскен түрде ақпарат тарату жұмыстарын жүргізуде. Сол себепті де алдағы уақытта да жезқазғандық сот жүйесі бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе жұмыстар атқаратын болады, – деді Жанар Ағеділова өз сөзінде. Жезқазған аймақтық «Дидар» телеарнасы және «Saryarqa», «Жезказганский вестник» газеттерінің журналистерімен кездескен сот судьясы аталған мәселе бойынша алдағы уақыттарда да кең көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Құрметті Жұмакүл Әбдіқадырқызы Қалмағамбетова!

Жезқазған қаласының Ардагерлер кеңесі Сізді 70 жасқа толуыңызбен құттықтайды!

Мерейтойда Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңыз бен жақындарыңызға тек жақсылық тілейміз! Әрқашан шаңырағыңыздан шаттық үзілмей, жақындарыңыздың қуаныш-қызығы ортаймасын!

**Құрметпен, Жезқазған қаласының Ардагерлер кеңесі**



### Құрметті Айхан Қасқанұлы Мұсабеков!



Сізді 50 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз.

Зор денсаулық, ұзақ өмір, немере-шөбере қызығын көріңіз.

**Ізгі тілекпен:**
**Бейімбет – Жанна,**
**Рахман – Сауле,**
**Жұмабай – Сауле,**
**Нұртас – Гүлзат,**
**Бекзат – Ботагөз.**

# ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕГЕН

**Газетіміздің өткен сандарында «AlgaBaStar» ұлттық өнерді дамыту орталығы туралы жазған болатынбыз. Аталмыш өнер орталығының жұмысымен жақында Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова да кеңінен танысты. «Алға бас!» жастар театры, «Дамира» би ансамблі, «Инабат» қыз-келіншектер клубы, «Ясин-Ай» мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған өнер клубы, «Шабыт» жас ақындар үйірмесі, «Profashion Group» модельдік агенттігі, киокушинкай каратэ клубы және «Star studio» фото-видео студиясы бар орталық ұжымы – ашылғанына көп уақыт болмаса да көпке белгілі өнер ошақтарының бірі.**



– «AlgaBaStar» ұлттық өнерді дамыту орталығының негізгі мақсаты – қазақтың ұлттық өнерін, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қайта жаңғыртып, жаңа ғасыр ұрпақтары бойына тереңінен сіңіру. Жастар жылына орай ашылған өнер ұжымында жастар өте көп. Олардың алға қойған мақсат-мұраттары да мол. Күз айынан жұмысын бастаған орталығымыздың атқарар жұмыстары әлі алда. Мысты шаһар мәдениетін дамытып, қала өнерін асқақтату жолында бар ерік-жігерімізді салып еңбек ететін боламыз, – деді қонақтарды орталық жұмысымен таныстырған өнер ұжымының басшысы Динара Ширекбаева.

– Динара – Жезқазған жұртшылығына да әншілік, актерлық қырымен танылып жүрген жастардың бірі. Қала әкімшілігі өз кәсібін ашсам дейтін кез келген жасқа қолдау білдіруге әзір. Жезқазғандық балалардың біліммен қатар өнерді, спортты қоса алып жүруіне де барынша жағдай жасалуда. Жуырда ашылған шығармашылық даму орталығы да соның бірден бір дәделі. Соның ізінше ашылған «AlgaBaStar» ұлттық өнерді дамыту орталығына да үлкен сенім артамыз. Биік шыңдар мен үлкен жетістіктерді бағындырған өнерпаз жастарды тәрбиелейді деп үміттенеміз, – деді орталық жұмысымен танысқан Зина Ақылбекова.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БІЛІМ БӘЙГЕСІ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ



**№ 26 гимназия шаңырағында Жезқазған қаласындағы он тоғыз мектептің ең білгір, білімге жүйрік, ойлауға шапшаң оқушылары арасында ұйымдастырылған пәндік олимпиада мәресіне жетті.**

Он төрт пән бойынша ұйымдастырылған олимпиадаға 9, 10, 11-сыныптар аралығындағы жалпы 361 оқушы қатысты. Оның 176-сы гуманитарлық бағыттағы, 185-і жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша бақ сынаған. Пәндік олимпиада екі бөлімнен тұрды. Бірінші кезең бойынша 361 оқушыдан 300 оқушы II кезеңге жолдама алған болатын. Екі кезең бойынша негізгі орындар анықталып, 86 оқушы III орынды, 65 оқушы II орынды, 31 оқушы I орынды қанжығасына байлады. Ал, 27 оқушы 2020 жылдың 5 және 6 қаңтарында Қарағанды қаласында өтетін облыстық олимпиада кезеңіне жолдама алды. Облыстық олимпиадаға жолдама алған оқушылардың бірі № 8 қазақ гимназиясының 11-сынып оқушысы Дамир Төлепғалиев.

– Мен қалалық олимпиада сайысына физика пәні бойынша қатыстым. Аталмыш олимпиадаға 8-сыныптан бері қатыса бастадым. 9-сыныпта қалалық олимпиададан II орынды иелендім. Осы жылы қазан-қараша айларында президенттік олимпиада болды. Мен одан да I орынды алып, облыстық кезеңіне дейін жеттім. Мен көптеген онлайн олимпиадаларға қатыстым. Сол себепті бұл пән бойынша тәжірибем мол. Содан болар, бұл жолы да негізгі формулаларға сүйеніп, олимпиада есептерін тез шеше білдім. Болашақта физика саласындағы техникалық мамандықтарда бағымды сынап көргім келеді. Мені олимпиадаға, түрлі білім додаларына дайындап, көрген-білгенін үйретуден танбай келе жатқан ұстазым әрі жетекшім Асан Жанұл мұғалімге де алғысым шексіз, деді ол газетімізге берген сұхбатында. Олимпиаданың облыстық кезеңінде Жезқазған қаласының намысын қорғайтын озат оқушыларға біз де жеңіс тұғырынан көрінуді тілейміз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛАНДАРЫ

**мерекеге үн қосты**



**№ 12 «Салтанат» бөбекжайында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай мерекелік шара ұйымдастырылып, оған тәрбиешілер мен бүлдіршіндер және ата-аналар қатысты.**

«Тәуелсіз елдің бақытты ұрпағымыз» деп аталған мерекелік ертеңгілік Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын патриоттық сезіммен шырқаудан бастау алып, «Қазақ билерінің шешендігі» көрінісімен жалғасты.. Қойылымға «Раушан» тобының тәрбиеленушілері Мағжан Фермебай, Мансұр Асылбаев және «Күншуақ» тобының бүлдіршіні Темірлан Бейсен қатысып, Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би рөлдерін шеберлікпен сомдап шықты. Қойылымда қазақ халқының шешендік сөздері көрініс тапты.

Бөбекжай бүлдіршіндері Тәуелсіздік мерекесіне деген құрметін ән-шашумен, бимен, жыр-шумақтарымен жеткізіп, бейбітшілік заманда, егемен елде өмір сүріп жатқандығы үшін зор алғыстарын білдірді. Атап айтсақ, «Алаш ұландары», «Тойға шашу» атты ұлттық нақыштағы қазақ билерін орындады, «Тәуелсіз ел ұраны», «Қазақстаным» және «Он алтыншы желтоқсан» әндерін шырқады.

Сонымен қатар, «Азат елдің азат ұлы» көрінісіндегі Азат атты бүлдіршіннің дүниеге келіп, елім деп, қазағым деп, айдай әлемге жар салып, ұлтының намысын қорғаған жалынды, жігерлі азамат болып өсіп, желтоқсан ызғарына төтеп берген азамат тұлғасына айналу жолындағы сюжет, жүректі тебірентіп, көзге жас ұялатты.

Желтоқсан қасиетті де қасіретті. Көтеріліске шыққан жастардың рухы Тәуелсіздіктің киесіндей көрінеді. Олардың асқақ армандары орындалды, азаттықтың ақ таңы атты. Тәуелсіздігімізді баянды етіп, Отанға адал қызмет ету қасиетті парызымыз, міндетіміз.

**Гүлзада ТҮСІПБЕКОВА,**
**№ 12 «Салтанат» бөбекжайының әдіскері**

# ӘНГЕ ТОЛЫ ҒҰМЫР

**«Музейлік кездесулер: Алтын қор» жобасы аясында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде ҚР Еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек даңқы», «Жаңаарқа ауданына 90 жыл» медальдарының иегері, өнер саңлағы, композитор әрі ақын Береке Көшеновтің 70 жасқа толуы құрметіне арналған «Әнге ғашық жүрек» шарасы ұйымдастырылды.**



Қатысушыларға арналып музей залдарына экскурсия жасалған соң, жиналғандар назарына Береке ағаның өнегелі ғұмыры мен еңбек жолын арқау еткен слайд ұсынылды. Әрі қарай шара кездесу кейіпкерімен өткен блиц-сұхбатпен жалғасын тапты. Осылайша, көпшілік әншінің өмірімен жақын танысып, оның ақындық, ұстаздық қырына қанығу мүмкіндігіне ие болды. Онымен қоса кеш иесі өз тыңдарманын «Жанарым», «Жезкиік» және «Алқасындай арқаның» сынды әндерін шырқап, қуантты.

Кездесуге жиналған қонақтар ҚР еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин, «Дидар» телеарнасының директоры Базарбай Әлеухан, С.Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театры басшысының міндетін атқарушы Индира Қанафина, Береке ағаның жары Ұмсынай апа мерейтой иесі хақында әңгіме өрбітіп, өз ойларын ортаға салды. Жылы лебіздерін жеткізді.

Тағылымы мол кездесуді өз құттықтауымен қорытындылаған Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова Береке Көшеновке естелік сыйлықтар табыс етті.

**Өз тілшіміз**




## СПОРТ

# ҮЗДІК ФУТБОЛШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ



**Әлемдегі ең танымал спорт түрі саналатын футбол ойынының шығу тарихы да ерекше. Негізгі Отаны Англия саналатын бұл ойын түрі туралы аңыздар да жетерлік. Мысалы, көне грек аңыздарында бұл ойынның шығуына негіз болған махаббат құдайы Афродита дейді. Ол от құдайы Гефеске алғашқы теріден жасалған допты жасатып, адамдарға сыйға тартқан екен-мыс. Осылайша «Құдайлар жіберген ойын» саналатын аталмыш спорт түріне құштар жандардың саны күннен-күнге арта түсуде.**

Футболға жақын жасөспірімдер Жезқазғанда да баршылық. Соның бір көрінісі – Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спортты дамыту бөлімі мен Спортты дамыту орталығы ұйымдастырған аяқдопшылар бәсекесі. Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған Жезқазған аула футбол клубының 2019 жылды қорытындылау турниріне Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Станислав Филипович, қалалық дене шынықтыру және спортты дамыту бөлімінің басшысы Дидар Мұтәліпов және «Спортты дамыту» қоғамдық бірлестігінің басшысы Саят Балмағанбетов төрешілік етті.

Былғары доп шеберлері бақ сынаған футбол жарысында бас кубокті, яғни, I орынды Жезқаған қалалық Мәруа Құлышева атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілерінен құралған «Marua» командасы, II және III орынды № 3 орта мектептің жас спортшыларынан құралған «Спортинг – 1», «Спортинг – 2» командалары иеленіп, медальдар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЕЛДІК ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

**Жалпы жүз жиырма бүлдіршін тәрбиеленіп жатқан «Родничок» балабақшасында жетпіс бес бала жоғарғы топтарда, қырық бес бала кіші топтарда біліммен қатар тәрбие алуда. Гүлнәр Ахатова басқарып отырған аталмыш балабақшада қазіргі күні бір қазақ, екі орыс тобы жұмыс істейді.**



– Біздің тәрбиеленушілеріміздің барлығы дерлік өте талапты, өнерлі балалар. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асыруда біздің балабақшаның да үлесі ерекше деп білемін. Себебі, бұл жерде оларға бала жастарынан қазақ, орыс және ағылшын тілдері қатар үйретіледі. Біз бүлдіршіндерімізбен еліміздің кез келген мерекесін үлкен қуанышпен қарсы аламыз. Балалардың бойына патриоттық сезімдерді ұялатуда орталық тәбиешілерінің де еңбектері ерекше, – деді бізге берген сұхбатында балабақша директорының міндетін атқарушы Марина Яскунова.

Кішкентай өнерлі балақайлар дайындаған мерекелік концерт Лиана, Темірлан, Аруна, Аделя, Анастасия, Қырмызы атты өнерлі бүлдіршіндердің қазақ тілінде туған Отандарына арналған жыр жолдарымен басталды. Одан әрі тәрбиеленушілер «Елтаңбасы елімнің», «Отан ана» әндерін орындап, мың бұрала «Домбыра» биін биледі. Мерекелік бағдарлама барысында балалар «Қараңғылық патшайымы» әзірлеген сұрақтарға орай ағылшынша өлең-тақпақтар айтып, ел рәміздерін тапты және ұлттық мұрамыз киіз үй жабдықтарын құрастырды.

Шара соңы барлық сындардан мүдірмей өтіп, ертегі кейіпкері «Қараңғылық патшайымын» жеңіп шыққан балалардың Тәуелсіз Қазақстан жайлы өлеңдерімен қорытындыланды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**